страта қалыптастырылды – 16 қалалық және 14 ауылдық. Бірінші кезеңде әрбір стратадан мөлшеріне тепе-тең ықтималдылықпен 840 сынақты есептеу учаскесін жүйелі түрде іріктеу жүргізілді. Екінші кезеңде листинг үдерісінде іріктелген есептеу учаскелері шегінде үй шаруашылықтарының тізімі жасалғаннан кейін 20 үй шаруашылығынан тұратын әрбір кластердің мөлшерін негізге ала отырып, 16 800 үй шаруашылығынан әрбір іріктелген есептеу учаскесі негізінде іріктеме қалыптастырылды.

Өзектендіруге жататын 840 кластердің Қарағанды облысының аумағында орналасқан 338 кластер берілген аумақ Ресей Федерациясының ұзақмерзімдік жалға алуында және оның юрисдикциясында болғандықтан қол жетімді болмады.

Қалыптасқан іріктеме өңірлер бойынша, қалалық және ауылдық жерлер бойынша стратификацияланды және өзіндік сараланған болып табылмайды. Ұлттық деңгейде нәтижелерді ұсыну үшін іріктеме салмағы пайдаланылады. Іріктемені құрудың анағұрлым егжей-тегжейлі сипаттамасын «Іріктемені құру» деген А-қосымшасынан табуға болады.

- Соңғы туылған баланың қалаулы болуы
- Ана мен нәрестенің денсаулығы
- Босанғаннан кейінгі бақылау
- Сырқат белгілері
- Контрацепция
- Контрацепцияға қанағаттандырылмаған мұқтаждық
- Үйдегі зорлық-зомбылыққа қатысты көзқарасы
- Неке/одақ
- Сексуалдық мінез-құлық
- АИТВ/ЖИТС
- Темекі мен ішімдікті пайдалану
- Өмірге қанағаттанушылық

(СМ) бала туушылық модулі жалпы туушылық коэффициентіне қатысты және жасөспірімдер арасында туушылықты есептеу мүмкіндігі болу үшін қосылды. 2015 жылы Қазақстанда MICS өткізілгенде, осы зерттеудің шеңберінде нәрестелер және балалар өлімі көрсеткіштері есептелмейтіні туралы шешім қабылданды. 2013 жылы Қазақстанда балалар өлімін бағалау бойынша БҰҰ Ведомствоаралық тобы (БӨБВТ) Қазақстанға келген болатын, және БӨБВТ миссиясының бағасына сәйкес, 0-ден 5 жасқа дейінгі балалардың туылуы мен өлімінің ресми тіркеуі халықаралық стандарттарға сәйкес. Аталған миссияның қорытындысы бойынша БӨБВТ тарапынан түзетулерін ескере отырып, ҚР үкіметі Қазақстанның ресми статистикасы органдарымен қалыптастырылатын нәрестелер мен балалардың өлімі көрсеткіштерін

<sup>7)</sup> Осы зерттеуге тән емес берілген модульге жасанды түсіктерге қатысты қосымша сұрақтар (СМ12В-СМ12М сұрақтары) енгізілді.

қолдану туралы шешім қабылданды.

Бес жасқа дейінгі балалар туралы сұрақнама үй шаруашылығында тұрып жатқан бес жасқа дейінгі балалардың аналарынан (немесе олардың күтімін жүзеге асыратын адамдар) пікіртерім алу үшін пайдаланылды<sup>8)</sup>. Әдеттегідей, берілген сұрақнама бойынша бес жасқа дейінгі балалардың аналарынан пікіртерім алынды; анасы үй шаруашылығы тізімдемесіне енгізілмеген жағдайларда балаға негізгі күтімді жүзеге асыратын адам анықталып, одан пікіртерім алынды. Сұрақнама мына модульдерді қамтыды:

- Жасы
- Тууды тіркеу
- Балаларды ерте жастан дамыту
- Емізу және тамақ рационы
- Иммунодау
- Антропометрия

Бес жасқа дейінгі балалар туралы сұрақнама толтырылған 0-2 жастағы барлық балаларға қатысты қосымша нысан пайдаланылды: медициналық мекемелер жазбаларынан егілулер көшірілген

### Оқыту және жергілікті жердегі жұмыстар

Деректерді жинау бойынша персоналды оқыту, ағымдағы жылы жергілікті жерлерде дала жұмыстары 2015 жылғы 17 тамыз бен 29 тамыз аралығында 13 күн бойы жүргізілді. Даярлау бағдарламасы пікіртерім алуды жүргізу қағидалары мен техникасы, сұрақнамалар мазмұны бойынша дәрістер мен тұсаукесерлерді, сондай-ақ рөлдік ойындарды, сынағамалы сұхбатты және қатысушылар білімін тестілеуді қамтыды.

Оқыту кезеңінің соңына қарай семинар қатысушылары Алматы қаласы мен Алматы облысы

### Деректерді өңдеу

Деректер 5.0 нұсқасының CSPro бағдарламалық қамтамасыз етілімін пайдалана отырып енгізілді. Деректерді енгізуді 10 дербес компьютерде 10 деректерді енгізу жөніндегі оператор және 2 кеңсе операторы (сұрақнама әкімшісі және деректерді енгізу редакторы), сондай-ақ деректерді енгізу жөніндегі 1 супервайзер орындады. Сапаны қамтамасыз ету мақсатында барлық сұрақнамалар олардың ішкі келісілуін кейіннен тексере отырып екі рет енгізілді. Деректерді өңдеудің барлық үдерісі бойы MICS жаһандық бағдарлама шеңберінде әзірленген және

### Кестелерді қалай оқу керек

Осы есептің кестелері стандартты түрде жасалды және тұтастай алғанда түйсік жағынан түсінікті. Бірақ пайдаланушылар үшін мынадай ескертпелер келтіріледі:

Жақшалардағы ( ) мағыналар пайыз немесе үлес сараланбаған 25-49 жағдайға негізделгендігін көрсетеді және мұндай деректерге байқап қарау керек. Кестелердегі санның орнына ұяшықта немесе

медициналық мекемедегі иммунодау туралы деректерді жинау үшін қосымша.

Көрсетілген сұрақнамалар MICS-5 типтік сұрақнамалар<sup>9)</sup> негізінде жасалды. MICS-5 типтік сұрақнамасының ағылшын тіліндегі нұсқалары қазақ және орыс тілдеріне аударылды және Астана қаласы мен Қарағанды облысының қалалық және ауылдық жерлері бойынша елді-мекендерінде 2015 жылғы мамырда алдын ала тестілеуден өтті.

Алдын ала тестілеу қорытындылары бойынша сұрақтардың берілулеріне және сұрақнама аудармасына өзгерістер енгізілді. MICS-5 сұрақнамасының көшірмелері Қазақстанда F қосымшасында қамтылған.

Көрсетілген сұрақнамалар бойынша пікіртерім алуды жүргізуден басқа, жергілікті жерлерде жұмыс істеген командалар тамақ дайындау үшін пайдаланылатын тұздағы йод құрамын тексерді, қол жууға арналған орынды қарап тексерді және 5 жасқа дейінгі балалардың салмағы мен бойын өлшеді. Бұл байқаулар мен өлшемдер туралы және олардың нәтижелері осы есептің тиісті бөлімдерінде берілген.

(қалалық және ауылдық жерлер) кластерлерінде пікіртерім алуды жүргізу бойынша 2 күндік практикадан өтті.

Деректерді жинауды 16 команда жүзеге асырды, олардың әрқайсысы бір супервайзерден, бір редактордан, бір өлшеушіден, 4 интервьюерден тұрды. Бұған қоса, әрбір командада бір жүргізуші болды. Жергілікті жерлердегі дала жұмыстары 2015 жылғы қыркүйектің басында басталып, қарашаның аяғында аяқталды.

көптеген көрсеткіштер бойынша Кластерлік зерттеу жөніндегі сұрақнамаға бейімделген рәсімдер мен стандартты бағдарламалар пайдаланылды. Деректерді өңдеу шамамен бір уақытта деректерді жинаумен 2015 жылғы 15 қыркүйектен басталды және желтоқсанның басында аяқталды. Деректер 21 нұсқаның «Әлеуметтік ғылымға арналған статистикалық топтама» бағдарламалық қамтамасыз етілім көмегімен талданды (SPSS). Осы мақсатта типтік синтаксис және UNICEF әзірлеген табуляциялау жоспарлары бейімделіп, пайдаланылды.

бөлімдерінде жұлдызша (\*) пайыз немесе үлес сараланбаған 25-тен кем жағдайға негізделгендігін көрсетеді, ал «—» белгісі – сызықша сараланбаған 0 жағдайға негізделгендігін білдіреді.

Есепте ұсынылған жас топтары жас тобына арналған көрсетілген жоғарғы шекке жеткен адамдарды қамтиды: мәселен, 15-24 жас шамасындағы респонденттерге сонымен қатар соңғы туған күнінде

<sup>8)</sup> Осы есепте «5 жасқа дейінгі балалар», «0-4 жастағы балалар» және «0-59 айлық балалар» сөздері бірін бірі алмастыратын болады.

<sup>9)</sup> MICS-5 типтік сұрақнамаларын <http://mics.unicef.org/tools> бойынша табуға болады.

---

толық 15 және 24 жасқа толған адамдар да жатады. Дәл осылай 23-35 ай шамасындағы балалардың жас топтары толық 23 және 35 ай толғандарды да қамтиды.

«Білімі жоқ» және «Бастауыш» білім санаттары сараланбаған 25-тен кем жағдайға негізделгендіктен және тым аз мағына болғандықтан бөлек беріле алмайтындықтан бұл санаттар «Білімі жоқ/Бастауыш» деп бір санатқа біріктірілген.

Есепте «Бастауыш мектеп, негізгі орта» немесе жалпы орта мектеп терминдері оқу сыныптарын (мәселен, 1-4 сыныптар, 5-9 немесе 10-11 сыныптар)

белгілеу үшін пайдаланылады, ал «Бастауыш білім, «негізгі орта білім», «жалпы орта білім» терминдері үй шаруашылығы мүшелерінің білім деңгейінің негізгі сипаттамасы ретінде пайдаланылады.

Бұған қоса, кестелерде және тұтастай алғанда Есептің барлық мәтіні бойынша ананың білімі 5 жасқа дейінгі балалар туралы Сұрақнамаға жауап берген аналардың, сондай-ақ қайтыс болуына немесе басқа жерде тұруына байланысты үй шаруашылығында анасы болмаған жағдайда балаға негізгі күтімді жүзеге асыратын адамдардың білім деңгейіне жатады.

### III. Іріктемені қамту және үй шаруашылықтары мен респонденттер сипаттамалары

---





### III. Іріктемені қамту және үй шаруашылықтары мен респонденттер сипаттамалары

#### Іріктемені қамту

Іріктемеге енгізілген 16791 үй шаруашылығының 16605 зерттеу кезінде қоныстанған болып шықты. Олардың 16500 үй шаруашылығынан сәтті түрде пікіртерім алынды: пікіртерім алынған үй шаруашылығының үлесі 99,4 пайызды құрады.

Пікіртерім алынған үй шаруашылықтары шегінде 12910 әйел (15-49 жас) анықталды, олардың 12670-нан сәтті түрде пікіртерім алынды: пікіртерім алынған үй шаруашылықтарында жауап бергендер үлесі 98,1 пайызды құрады.

Үй шаруашылықтары сұрақнамалары тізімдемелеріне 5 жасқа дейінгі шамадағы 5561 бала енгізілді. Сұрақнамалар осы балалардың 5510-

на қатысты толтырылды, бұл пікіртерім алынған үй шаруашылықтары шегінде 99,1 пайызды құрайтын жауап бергендердің үлесіне сәйкес келеді.

Әйелдерден жеке пікіртерімге және 5 жасқа дейінгі балалар туралы пікіртерімге қатысты тиісінше 97,5 және 98,5 пайызды құраған жауап берушілердің жалпы коэффициенттері есептелген. Қалалық мекендерде және ауылдық жерлерде үй шаруашылықтарының жауабы коэффициенті бірдей жоғарыны (99 пайыздан жоғары), өңірлер бойынша жауаптар коэффициенті 98 пайыздан жоғарыны құрайды (НН.1 кестесі).

#### НН.1 кестесі. Үй шаруашылықтарынан, әйелдерден пікіртерім алу және 5 жасқа дейінгі балалар туралы пікіртерім нәтижелері

Пікіртерім нәтижелері бойынша үй шаруашылықтарының, әйелдердің және 5 жасқа дейінгі балалардың саны және үй шаруашылығы сұрақнамалары, әйелдерге арналған және 5 жасқа дейінгі балалар туралы сұрақнамалар бойынша жауап бергендер үлесі

	Барлығы	Жергілікті жер		Өңір						
		қалалық	ауылдық	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Батыс Қазақстан	Жамбыл	Қарағанды
<b>Үй шаруашылықтары</b>										
Іріктелгендер	16 791	10 750	6 041	1 281	880	920	880	961	920	1 101
Қоныстанғандар	16 605	10 625	5 980	1 260	864	908	868	953	916	1 072
Пікіртерім алынғандар	16 500	10 540	5 960	1 243	856	902	854	950	911	1 062
Үй шаруашылығы сұрақнамасы бойынша жауап бергендер үлесі	99,4	99,2	99,7	98,7	99,1	99,3	98,4	99,7	99,5	99,1
<b>Әйелдер</b>										
Критерийлерге жауап беретіндер	12 910	7 925	4 985	853	700	763	773	739	818	716
Пікіртерім алынғандар	12 670	7 810	4 860	825	686	756	761	725	806	708
Жауап берген әйелдер үлесі	98,1	98,5	97,5	96,7	98,0	99,1	98,4	98,1	98,5	98,9
Жауап берген әйелдердің жалпы үлесі	97,5	97,8	97,2	95,4	97,1	98,4	96,9	97,8	98,0	98,0
<b>5 жасқа дейінгі балалар</b>										
Критерийлерге жауап беретіндер	5 561	3 063	2 498	313	324	310	406	303	435	274
Пікіртерім алынған аналар/ күтімді жүзеге асыратын адамдар	5 510	3 041	2 469	310	321	309	401	302	425	274
5 жасқа дейінгі шамадағы балалар туралы жауап бергендер үлесі	99,1	99,3	98,8	99,0	99,1	99,7	98,8	99,7	97,7	100,0
5 жасқа дейінгі шамадағы балалар туралы жауап бергендердің жалпы үлесі	98,5	98,5	98,5	97,7	98,2	99,0	97,2	99,4	97,2	99,1

	Өңір								
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Оңтүстік Қазақстан	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Астана қ.	Алматы қ.
<b>Үй шаруашылықтары</b>									
Іріктелгендер	1 282	880	880	880	1 200	1 281	1 202	960	1 283
Қоныстанғандар	1 275	879	868	873	1 200	1 268	1 184	955	1 262
Пікіртерім алынғандар	1 271	879	862	867	1 196	1 266	1 175	949	1 257
Үй шаруашылығы сұрақнамасы бойынша жауап бергендер үлесі	99,7	100,0	99,3	99,3	99,7	99,8	99,2	99,4	99,6
Әйелдер									
Критерийлерге жауап беретіндер	914	903	881	878	767	723	712	831	939
Пікіртерім алынғандар	907	884	829	874	760	706	697	821	925
Жауап берген әйелдер үлесі	99,2	97,9	94,1	99,5	99,1	97,6	97,9	98,8	98,5
Жауап берген әйелдердің жалпы үлесі	98,9	97,9	93,4	98,9	98,8	97,5	97,1	98,2	98,1
5 жасқа дейінгі балалар									
Критерийлерге жауап беретіндер	339	496	486	523	255	250	224	317	306
Пікіртерім алынған аналар/күтімді жүзеге асыратын адамдар	339	495	474	520	254	248	221	312	305
5 жасқа дейінгі шамадағы балалар туралы жауап бергендер үлесі	100,0	99,8	97,5	99,4	99,6	99,2	98,7	98,4	99,7
5 жасқа дейінгі шамадағы балалар туралы жауап бергендердің жалпы үлесі	99,7	99,8	96,9	98,7	99,3	99,0	97,9	97,8	99,3

15-49 жас ерекшелігі тобындағы әйелдерге арналған және 5 жасқа дейінгі балаларға қатысты жеке сұрақнамалар бойынша жауап бергендер үлесі аса үлкен болды және түрлі өңірлер бойынша қалалық

та, ауылдық та жерлер бойынша ұқсас болды және 95 пайыз жоғарыны (Пікіртерім алынған әйелдер үлесі 94,1 пайыз құраған Маңғыстау облысын қоспағанда) құрады.

#### Үй шаруашылықтарының сипаттамасы

Зерттелген халықты жынысы және жасы бойынша өлшенген бөлу НН.2 кестесінде келтірілген. Бұл бөлу сонымен қатар НН.1 Диаграммасында халық пирамидасын жасау үшін де пайдаланылады.

Сәтті түрде пікіртерім алынған үй шаруашылығының 16500 сұрақнамасының тізімдемесіне үй шаруашылығының 56803 мүшесі енгізілді. Олардың ішінде 27676 адам немесе жалпы санының 48,7 пайызы ер жынысты адамдар, ал 29127

адам немесе 51,3 пайызы – әйел жынысты адамдар болып табылады. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті қалыптастырған демографиялық статистиканың ресми деректері бойынша 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халықтың жалпы санындағы ерлердің үлес салмағы - 48,3 пайызды, әйелдердің үлес салмағы - 51,7 пайызды құрады. Бұл берілген зерттеулер демографиялық статистика деректерімен сәйкестенетіндігін көрсетеді.

#### НН.2 кестесі. Үй шаруашылығы мүшелерін жынысы бойынша жас ерекшелігіне қарай бөлу

Үй шаруашылығы халқын бес жастық жас ерекшелігі топтары, асырауындағы адамдардың жас ерекшелігі топтары (0-14 жас және 65 жас және одан жоғары) және жынысы бойынша бөліп халықтың балалар (0-17 жас) және ересектер (18 жас және одан үлкен) топтары бойынша пайыздық және жиілікті бөлу, 2015 жыл

	Барлығы		Ерлер		Әйелдер	
	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы
Барлығы	56 803	100,0	27 676	100,0	29 127	100,0
Жасы						
0-4	5 877	10,3	2 986	10,8	2 891	9,9
5-9	5 509	9,7	2 908	10,5	2 601	8,9
10-14	4 129	7,3	2 191	7,9	1 937	6,7
15-19	3 075	5,4	1 684	6,1	1 391	4,8
20-24	3 874	6,8	2 029	7,3	1 845	6,3

	Барлығы		Ерлер		Әйелдер	
	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы
25-29	4 593	8,1	2 344	8,5	2 248	7,7
30-34	4 166	7,3	2 095	7,6	2 070	7,1
35-39	3 908	6,9	1 963	7,1	1 945	6,7
40-44	3 743	6,6	1 809	6,5	1 934	6,6
45-49	3 415	6,0	1 680	6,1	1 734	6,0
50-54	3 951	7,0	1 772	6,4	2 178	7,5
55-59	3 341	5,9	1 546	5,6	1 795	6,2
60-64	2 602	4,6	1 056	3,8	1 545	5,3
65-69	1 807	3,2	718	2,6	1 089	3,7
70-74	868	1,5	322	1,2	546	1,9
75-79	1 212	2,1	366	1,3	846	2,9
80-84	399	0,7	126	0,5	273	0,9
85+	336	0,6	80	0,3	255	0,9
Халықтың жас ерекшелігі топтары						
0-14	15 515	27,3	8 085	29,2	7 430	25,5
15-64	36 667	64,6	17 979	65,0	18 688	64,2
65+	4 622	8,1	1 612	5,8	3 010	10,3
Балалар және ересектер						
0-17 жастағы балалар	17 469	30,8	9 155	33,1	8 314	28,5
18 жастағы және одан үлкен ересектер	39 335	69,2	18 521	66,9	20 814	71,5


Әйел жынысты 1000 адамға 950 (935 – ресми деректер бойынша) ер адам келеді. Бұл ретте 0-4-тен бастап 35-39 жасқа дейінгі жас ерекшелігі топтарында ер жынысты адамдар санының әйел жыныстылардан айрықша асуы байқалады; 40-44 жастағы ерлердің жас ерекшелігі тобынан әйелдермен салыстырғанда олардың санының аздап төмендегені байқалады. Жыныстардың ара қатынасында ерлермен салыстырғанда әйелдердің басым түсуімен анағұрлым көзге көрінерлік тепе-теңсіздік 60-64 және одан жоғары жас ерекшелігі тобынан басталады. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ел халқын ағымдағы есепке алудың ресми деректері бойынша жынысы мен бес жылдық жас ерекшелігі топтары бойынша ел халқының құрамы іс жүзінде зерттеу деректерімен сәйкес. Мерзімінің ескіруіне (6 жылдан астам уақыт өтті) және МИКЗ-да 2010-2011 жылдары осыған ұқсас салыстыру жүргізілгендіктен, ол кезде бұл өзекті болды, зерттеу деректерін 2009 жылғы халық санағы нәтижелерімен салыстыру жүргізудің мағынасы жоқ.

Зерттеу нәтижелері бойынша асырауындағы адамдардың (0-14 жас және 65 жас және одан үлкен жас ерекшелігі топтары) үлесі тұтастай алғанда 35,4 пайызды құрады; оның ішінде 0-14 жас ерекшелігі тобындағы балалар үлесі – 27,3 пайызды, 65 жас және

одан жоғары жас ерекшелігі тобы адамдарының үлесі – 8,1 пайызды құрады. Іс жүзінде халықтың үштен екі бөлігі немесе 64,6 пайызы «еңбекке жарамды жас ерекшелігі тобына» жатады. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ресми демографиялық статистика деректері бойынша 0-14 жас ерекшелігі тобындағы халық санының үлесі 26,6 пайызды, 15-64 жас ерекшелігі тобындағы адамдардың үлесі – 66,6 пайызды және 65 жас және одан жоғары адамдардың үлесі – 6,8 пайызды құрады. Тұтастай алғанда MICS 2015 ж. зерттеулері нәтижелері бойынша қалыптасқан халықтың жыныстық-жастық құрылымы бойынша деректерді елдің ресми статистикасы деректерімен сәйкестігі байқалады (НН-2 кестесі және НН-1-график)

0-17 жас ерекшелігі тобындағы балалар 30,8 пайызды құрады, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдайдағы ресми статистика деректерімен салыстырғанда олардың пайыздық үлесі тиісінше 30,4 пайызды құрады. 0-4 жас ерекшелігі тобындағы (10,3 пайыз) балалар және 5-9 жас ерекшелігі тобындағы (9,7 пайыз) балалар 0-14 жастық топта анағұрлым көп болып табылады және олардың жиынтықтағы үлесі 20,0 пайызды (19,8 пайызды – ресми статистика бойынша) құрады.

### НН.1 графигі. Үй шаруашылығы мүшелерін жынысы бойынша жас ерекшелігіне қарай бөлу, Қазақстан 2015 жыл



10-14 жас, 15-19 жас және 20-24 жас ерекшелігі топтарындағы екі жыныстағы халық үлесінің айтарлықтай төмендеуі КСРО-ның құлдырауына байланысты бұрынғы одақ республикаларындағы сияқты Қазақстанда болып жатқан жағдайлармен және халық ағындарында (сыртқы көші-қонның теріс сальдосы), адам өлімінің ұлғаюында көрініс тапқан демографиялық үрдістерін дамытуға теріс әсер еткен осы үдерістен туындаған 1990-1999 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауымен, сондай-ақ әсіресе 1995-1999 жж. туудың айрықша төмендеуімен түсіндіріледі. Салдары ретінде 1992-2000 жылдар кезеңінде туылған балалар саны, әсіресе қыздардың саны төмендеді.

25-29 жас ерекшелігіндегі халық үлесінің ұлғаюы 1980 жыл ортасындағы «бэби-бум» самалынан туындады, ол кезде босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңде аналарды әлеуметтік қолдау есебінен мемлекет тарапынан тууды ынталандыруға бағытталған елдің қолайлы демографиялық саясатынан, бала күтіміне байланысты ішінара ақысы төленетін декреттік демалыстың ұзақтығын ұзартудан және басқа да шаралардан туындаған туудың айрықша ұлғаюы байқалды.

50-54 жас ерекшелігі тобында сонымен қатар олардың саны үлесінің айрықша ұлғаюы байқалады,

бұл өткен ғасырдың 1950-60 жылдарында халықтың табиғи өсімінің жоғары қарқынына байланысты. 75-79 жас жас тобындағы ерлер санының төмендеуі және керісінше әйелдер санының ұлғаюы еркектердің қысқа өмір ұзақтығынан, олардың өлімінің көптігі, әсіресе соғыстан кейінгі жылдары өскендігінен туындады.

НН.3, НН.4 және НН.5 кестелерінде үй шаруашылықтары, 15-49 жастағы респонденттер және 5 жасқа дейінгі балалар туралы негізгі ақпарат қамтылған. Өлшенген да, өлшенбеген да сандар ұсынылған. Мұндай мәліметтер бұдан әрі осы есепте берілген нәтижелерді талдау үшін өте маңызды және зерттеу іріктемесінің репрезентативтілігі туралы қорытындылар үшін негіз болады. Осы есепте берілген қалған кестелерде тек өлшенген сандар ғана қамтылған.<sup>10)</sup>

НН.3 кестесінде үй шаруашылықтары туралы негізгі мәліметтер ұсынылған, оның ішінде Үй шаруашылығы иесінің жынысы, өңірі, тұратын жер, үй шаруашылығы мүшелерінің саны, Үй шаруашылығы иесінің білім деңгейі, Үй шаруашылығы иесінің ұлты<sup>11)12)</sup> берілген. Бұл негізгі сипаттамалар осы есептің кейінгі кестелерінде пайдаланылады; кестелердегі деректер осы есепте пайдаланылатын талдауды негізгі санаттар бойынша бөле отырып байқаулар санын көрсетуге де арналған.

#### НН.3 кестесі. Үй шаруашылықтары құрамы

Таңдалған сипаттамалар бойынша үй шаруашылықтарын пайыздық және жиілікті бөлу, Қазақстан, 2015 жыл

	Өлшенген пайыз	Үй шаруашылықтары саны	
		өлшенген	өлшенбеген
<b>Барлығы</b>	100,0	16 500	16 500
Үй шаруашылығы иесінің жынысы			
Ер	64,0	10 563	10 561

<sup>10)</sup> Іріктеме салмақтары туралы қосымша ақпаратты «Іріктеменің құрылуы» А қосымшасынан қараңыз.

<sup>11)</sup> Бұл ақпарат «Бұл үй шаруашылығы иесінің ұлты қандай?» деген Үй шаруашылығы сұрақнамасында берілген сұрақтардың көмегімен анықталды

<sup>12)</sup> Осы есепте «Ұлт» және «Этникалық тиістілігі» бірінің орнына бірі қолданылатын терминдер болып табылады.

	Өлшенген пайыз	Үй шаруашылықтары саны		Жалғасы
		өлшенген	өлшенбеген	
Әйел	36,0	5 937		5 939
Өңір				
Ақмола	5,7	944		1 243
Ақтөбе	6,0	983		856
Алматы	7,6	1 260		902
Атырау	2,8	456		854
Батыс Қазақстан	4,6	764		950
Жамбыл	5,3	880		911
Қарағанды	9,8	1 614		1 062
Қостанай	5,9	978		1 271
Қызылорда	2,4	402		879
Маңғыстау	2,5	412		862
Оңтүстік Қазақстан	12,5	2 055		867
Павлодар	5,0	829		1 196
Солтүстік Қазақстан	3,9	645		1 266
Шығыс Қазақстан	9,2	1 523		1 175
Астана қ.	7,9	1 310		949
Алматы қ.	8,8	1 445		1 257
Жергілікті жер				
Қалалық	60,4	9 967		10 540
Ауылдық	39,6	6 533		5 960
Үй шаруашылығы мүшелерінің саны				
1	15,5	2 562		2 665
2	22,5	3 713		3 857
3	18,9	3 116		3 117
4	16,8	2 775		2 779
5	11,3	1 858		1 808
6	7,8	1 291		1 182
7	4,0	656		592
8	1,7	280		257
9	0,7	119		128
10+	0,8	130		115
Үй шаруашылығы иесінің білімі				
Білімі жоқ/Бастауыш	2,0	331		337
Негізгі орта	10,1	1 659		1 694
Жалпы орта	27,1	4 475		4 244
Техникалық және кәсіптік	33,8	5 574		5 845
Жоғары	27,0	4 453		4 375
Өткізу/БМ	0,0	8		5
Үй шаруашылығы иесінің ұлты				
Қазақтар	55,3	9 124		9 241
Орыстар	29,2	4 811		5 141
Басқалар	15,5	2 564		2 117
Өткізу/БМ	0,0	1		1
Үй шаруашылығының орташа көлемі	3,4	16 500		16 500

Үй шаруашылықтарының өлшенген және өлшенбеген жиынтық сандары бірдей, өйткені іріктемедегі салмақтар қалыпқа келтірілді. НН-3 кестесінде сонымен қатар зерттеу барысында есептелген үй шаруашылықтары мөлшерінің орташа өлшенген саны көрсетілген.

Барлығы 16500 үй шаруашылығынан пікіртерім алынды, олардың 9967 үй шаруашылығы немесе қалалық жердің жалпы санынан 60,4 пайыз және 6533 немесе ауылдық жердің үй шаруашылығының 39,6 пайызы. Үй шаруашылықтарының үштен бірінен жоғарысы (36,0 пайызы) немесе әрбір үшіншісін әйелдер басқарады.

Зерттелген үй шаруашылықтарының 55,3 пайызын қазақ ұлтының адамдары басқарады; үй шаруашылықтарының үштен бірін – орыс ұлтының адамдары, ал үй шаруашылықтарының 15,5 пайызын

басқа ұлт адамдары басқарады.

Үй шаруашылықтары иелерінің іс жүзінде 98 пайызының негізгі ортадан төмен емес білім деңгейі бар: олардың 27,0 пайызында жоғары білім, шамамен 34 пайызында – Техникалық және кәсіптік білімі, шамамен 37 пайыз - негізгі және жалпы орта білімі бар.

Зерттеу деректері бойынша үй шаруашылығының орташа мөлшерін 3,4 адам құрады. 2 адамнан 4 адамға дейінгі мүшесі бар үй шаруашылықтары басым түседі, бұл барлық үй шаруашылықтарының шамамен 60 пайызының жиынтығын құрайды (сәйкесінше 2 адамнан - 22,5; 3 адамнан - 18,9 және 4 адамнан -16,8 пайыз).

2009 жылғы халық санағы деректері бойынша Қазақстанда үй шаруашылығының орташа мөлшерінде 3,6 адамды құрады (3,2 адам – қалалық жерде және 4,4 адам – ауылдық жерде).

## 15-49 жастағы респонденттер мен 5 жасқа дейінгі балалардың сипаттамасы

НН.4 және НН.5 кестесілерінде 15-49 жастағы респонденттердің және 5 жасқа дейінгі балалардың негізгі сипаттамалары туралы ақпарат ұсынылған. Бұл екі кестеде өлшенген және өлшенбеген байқаулардың жиынтық саны бірдей, өйткені іріктеме салмақтары қалыпқа келтірілген (стандартталған).

Әйелдердің және бес жасқа дейінгі балалардың негізгі сипаттамалары туралы пайдалы ақпараттан басқа бұл кестелерде сонымен қатар әрбір негізгі санат

бойынша байқаулар саны ұсынылған. Бұл санаттар осы есептің кейінгі кестелерінде де пайдаланылады.

НН.4 кестесінде 15-49 жастағы респонденттердің негізгі сипаттамалары ұсынылған. Онда әйелдерді өңірлер, жердің типі, жасы, неке жағдайы, соңғы екі жылда туылған балалардың барлығы, білім деңгейі<sup>13)</sup>, әл-ауқат индексі квинтильдері<sup>14),15)</sup>, Үй шаруашылығы иесінің ұлты<sup>11)</sup> бойынша бөлу көрсетілген.

### НН.4 кестесі. Әйелдердің негізгі сипаттамалары

15-49 жастағы әйелдерді таңдалған негізгі сипаттамалар бойынша пайыздық және жиілікті бөлу, Қазақстан, 2015 жыл

	Өлшенген пайыз	Әйелдер саны	
		өлшенген	өлшенбеген
Барлығы	100,0	12 670	12 670
Өңір			
Ақмола	4,9	624	825
Ақтөбе	6,4	806	686
Алматы	8,2	1 042	756
Атырау	3,2	402	761
Батыс Қазақстан	4,5	572	725
Жамбыл	6,1	778	806
Қарағанды	8,2	1 035	708
Қостанай	5,3	675	907
Қызылорда	3,2	399	884
Маңғыстау	3,2	408	829
Оңтүстік Қазақстан	16,4	2 079	874
Павлодар	4,1	517	760
Солтүстік Қазақстан	2,8	351	706
Шығыс Қазақстан	6,9	880	697
Астана қ.	8,6	1 086	821

<sup>13)</sup> Осы есепте, егер өзгеше көрсетілмесе, білім деңгейі зерттеу кезінде респонденттер қол жеткізген негізгі өзгермелі ретінде пайдаланылатын жағдайдағы ең жоғары білім деңгейін білдіреді.

<sup>14)</sup> Әл-ауқат индексі құрамдас көрсеткіш болып табылады. Әл-ауқат индексі қалыптастыру үшін әрбір пайдаланылған пункт үшін салмақтарды пысықтау (факторлардың әсер етуін бағалау) мақсатында халықтың тұтыну тауарларына иелік ету, тұрғын үй сипаттамалары және санитариялық-гигиеналық құрылғылар және үй шаруашылығының әл-ауқатына жататын басқа да сипаттамалар туралы ақпаратты пайдалана отырып негізгі құрамдасарды талдау жүргізіледі. Алдымен жиынтық іріктеме үшін факторлардың әсер етуінің бастапқы бағалары есептеледі. Одан кейін қалалық және ауылдық жерлердің үй шаруашылықтары үшін факторлардың әсер етуінің жеке бағалары есептеледі.

Және соңында қалалық және ауылдық жердің үй шаруашылықтары үшін факторлардың әсер етуінің бағасы жиынтық іріктеме үшін факторлардың әсер етуінің біріктірілген, түпкілікті бағаларын алу үшін факторлар әсерінің бастапқы бағалары бойынша өршиді. Бұл қалалық үй шаруашылықтары жағына әл-ауқат индексі мәнінің ығысуын мейлінше азайту үшін жасалады.

Содан кейін жиынтық іріктеменің әрбір үй шаруашылығына осы үй шаруашылығының мүлікке иелік етуі негізінде және жоғарыда сипатталғанға сәйкес алынған факторлардың әсер етуінің түпкілікті бағасы негізінде есептелген әл-ауқат балы беріледі. Бұдан кейін зерттелген үй шаруашылықтарының халқы тұрып жатқан үй шаруашылығына берілген әл-ауқат балына сәйкес өседі және 5 бірдей бөлікке (квинтильге) бөлінеді: ең төменнен (кедейден) ең жоғарыға (байға) дейін.

MICS-2015 ж. барысында Қазақстанда мынадай мүлікке иелік ету ескерілді: радио, телефон, тоңазытқыш, шағын толқынды пеш, диван, кереует, үстел, шкаф/шифоньер, ыдыс жуатын машина, кір жуатын машина, кондиционер, шаңсорғыш. Бұған қоса, мынадай құралдарға иелік ету ескерілді: мобильді телефон немесе смартфон, велосипед, мотоцикл немесе мотороллер, мотоцикл, көлік арба, автомашина немесе жүк машинасы, трактор, моторлы қайық, компьютер немесе ноутбук, планшет, сондай-ақ тұрғын үйге, жерге, үй жануарына, табынға және басқа да ауыл шаруашылығы жауарларына немесе құстарға иелік ету немесе есептерде ескерілген банк шоттары мен электрдің барлығы.

Әл-ауқат индексі үй шаруашылығы мүшелері иелік ететін мүлік туралы ақпараттың арқасында негізгі ұзақмерзімдік әл-ауқатты білдіреді деп түсініледі; оның мақсаты – үй шаруашылықтарын әл-ауқат деңгейі бойынша саралау: кедейден байға. Әл-ауқат индексі абсолютті кедейлік, ағымдағы кіріс және шығындар деңгейі туралы ақпаратты бермейді. Әл-ауқат деңгейінің есептелген мәндері олар негізделген деректердің нақты массивіне ғана қолданылады.

Әл-ауқат индексі қалыптастыру туралы одан арғы ақпаратты мына басылымдардан табуға болады: Filmer, D and Pritchett, L. (Филмер және Пritchett.) 2001. Estimating wealth effects without expenditure data – or tears: An application to educational enrolments in states of India. (шығындар туралы деректер болмағанда әл-ауқат үшін әсерлерді бағалау: Индия штаттарының оқу мекемелеріне түсуге қолдану). Demography 38(1): 115-132; Rutstein, SO and Johnson, K. (Рутстейн және Джонсон.) 2004. The DHS Wealth Index. (Демографиялық медициналық-санитариялық зерттеудің әл-ауқаты индексі. DHS Comparative Reports No. 6; және Rutstein, SO. (Рутстейн.) 2008. The DHS Wealth Index: Approaches for Rural and Urban Areas (Демографиялық медициналық-санитариялық зерттеудің әл-ауқаты индексі: ауылдық және қалалық жер үшін тәсілдер). DHS Working Papers No. 60.

<sup>15)</sup> Әл-ауқат квинтильдері бойынша бөлуде зерттеу нәтижелерін сипаттаған кезде үй шаруашылығының жекелеген мүшелері «халықтың өте бай квинтильінде әйелдер» деген сияқты тиісті терминдермен белгіленеді – «әл-ауқаттың ең жоғары деңгейіне ие зерттелген халық тобынан», «өте бай квинтильдің үй шаруашылықтарында тұрып жатқан әйелдер» және т.б. деген терминдермен өзара алмастырылатын термин.

	Өлшенген пайыз	Әйелдер саны	
		өлшенген	өлшенбеген
Алматы қ.	8,0	1 015	925
Жер			
Қалалық	56,4	7 140	7 810
Ауылдық	43,6	5 530	4 860
Жасы			
15-19 жас	10,6	1 346	1 316
20-24 жас	14,0	1 768	1 771
25-29 жас	17,1	2 161	2 165
30-34 жас	15,8	1 998	1 967
35-39 жас	14,8	1 870	1 860
40-44 жас	14,7	1 862	1 885
45-49 жас	13,1	1 665	1 706
Отбасы жағдайы			
Қазіргі уақытта ресми (ресми емес) некеде тұрғандар	65,9	8 351	8 297
Жесір	3,2	410	380
Айырылысқан	7,4	937	929
Бөлек кеткендер	2,2	282	294
Ресми (ресми емес) некеде ешқашан болмады	21,2	2 690	2 770
Балалардың болуы; соңғы уақытта балалардың тууы			
Ешқашан тұмады	26,0	3 296	3 392
Бір уақыттарда туған	74,0	9 374	9 278
Соңғы екі жылда бала туған	17,0	2 157	2 106
Соңғы екі жылда бала тұмаған	57,0	7 218	7 172
Білімі			
Білімі жоқ/Бастауыш	0,1	16	16
Негізгі орта	6,1	778	778
Жалпы орта	24,8	3 140	2 808
Техникалық және кәсіптік	31,5	3 990	4 305
Жоғары	37,5	4 745	4 763
Әл-ауқат квинтили			
Өте кедей	18,0	2 276	2 178
Екінші	18,4	2 334	2 053
Орта	19,4	2 464	2 572
Төртінші	21,4	2 708	2 884
Өте бай	22,8	2 888	2 983
Үй шаруашылығы иесінің ұлты			
Қазақтар	64,3	8 149	8 467
Орыстар	19,8	2 506	2 727
Басқалары	15,9	2 014	1 475
Өткізу/БМ	0,0	1	1

НН.4 кестесінің деректері бойынша зерттеу нәтижелері 15-49 жас ерекшелігі тобындағы 12670 әйелге қатысты пікіртерім сәтті өткізілгендігін көрсетіп отыр. Пікіртерім алынған әйелдердің жалпы санынан 56,4 пайызы қалалық жерде, ал 43,6 пайызы ауылдық жерде тұрды.

15-24 жас ерекшелік тобындағы жас әйелдер үлесі 24,6 пайызды құрады, оның ішінде 15 жас пен 19 жас аралығындағы әйелдер үлесі 10,6 пайызды құрады.

Зерттеу жүргізу кезеңінде әйелдердің 65,9 пайызы ресми некеде болды немесе еркектермен тіркелмеген қатынастарда болды; әйелдердің 3,2 пайызы жесір болды; 9,6 пайызы айырылысқан не бөлек кеткен болды және 21,2 пайызы – ешқашан кез келген неке қатынастарында болмаған.

Бала көтеретін (15-49) жастағы, әйелдердің төрттен үші (74 пайызы) бала туған; олардың 17,0 пайызы зерттеу жүргізер алдындағы соңғы 2 жылда жоқ дегенде бір бала туған.

Тұтастай алғанда осы жастағы әйелдердің білім деңгейі негізгі орта білімнен төмен болмай шықты:

әйелдердің 37,5 пайызынан астамының жоғары білімі, 31,5 пайызында техникалық және кәсіптік білімі, шамамен әйелдердің 31 пайызы негізгі немесе жалпы орта білімі бар болып шықты.

15-49 жастағы әйелдердің 18,0 пайызы Әл-ауқат квинтили өте кедей болып табылатын үй шаруашылықтарында тұрады, ал олардың 22,8 пайызы Әл-ауқат квинтили бойынша өте бай үй шаруашылықтарында тұрады.

Пікіртерім алынған әйелдердің жалпы санынан 64,3 пайызы үй иесі қазақ ұлтының адамы болып табылатын үй шаруашылықтарында тұрып жатты, 19,8 пайызы – орыс ұлтының адамдары және 15,9 пайызы – басқа ұлт өкілдері.

5 жасқа дейінгі балалардың негізгі сипаттамалары НН.5 кестесінде келтірілген. Олар балаларды бірнеше белгілер бойынша бөлуді қамтиды: жынысы, өңірі және жер типі, ай бойынша жасына, респонденттер типі (анасы немесе балаға негізгі күтімді жүзеге асыратын басқа адам), ананың білім деңгейі (немесе күтімді жүзеге асыратын адамның), үй шаруашылығы иесінің әл-ауқат деңгейі мен ұлты бойынша.

НН.5 кестесінің деректері бойынша 5 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың қатынасы шамамен бірдей екендігі байқалады (50,7 және 49,3 пайыз тиісінше). 5 жасқа дейінгі Оңтүстік Қазақстан облысында 22,6 пайыздан бастап Солтүстік Қазақстан облысында 2,1 пайызға дейін ауытқу байқалады. 5 жасқа дейінгі балалардың 50,9 пайызы ауылдық жерлерде, сол уақытта 49,1 пайызы қалалық аудандарда тұрады. Балалардың бестен бір бөлігі жасы 0-11 айлық (19,4 пайыз) құрайды, ұқсас пайыздық қатынасы жасы 12-23, 24-35, 36-47 және 48-59 айлық балалар арасында байқалады.

5 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшелігі құрамын мұндай бөлу Қазақстанның ресми демографиялық статистикасының 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректерімен сайысады: 0-11 ай – 21,1 пайыз; 12-23 ай – 20,3 пайыз, 24-35 ай – 19,9 пайыз, 25-47 ай – 19,5 пайыз және 48-59 ай – 19,2 пайыз.

Негізінен бес жасқа дейінгі балалар туралы сұрақнамаларға осы балалардың аналары болып

табылатын әйелдердің 97,5 пайызы жауап берді және 2,5 пайызы – балаларға негізгі күтімді жүзеге асыратын басқа адамдар. Олардың ішінде жоғары білімі бар аналар басым түсті – 40,8 пайыз, 28,3 пайызының Техникалық және кәсіптік білімі; 30,8 пайызының негізгі немесе жалпы орта білімі болды.

Балалардың 36,0 пайызы төртінші және өте бай квинтиль үй шаруашылықтарында (сәйкесінше 17,5 және 18,5 пайыз), 20,4 пайызы – әл-ауқат деңгейі ең төмен үй шаруашылықтарында; балалардың 43,6 пайызы – әл-ауқат деңгейінің екінші және орта квинтиль үй шаруашылықтарында (сәйкесінше 22,1 және 21,5 пайыз) тұрып жатты.

Бес жасқа дейінгі балалардың шамамен 70 пайызы қазақ ұлтының адамы иелік ететін үй шаруашылықтарында, 12,5 пайызы – орыс ұлтының адамдары және 17,9 – басқа ұлт өкілдері тұрып жатты.

Өлшенген және өлшенбеген байқаулардың жиынтық саны бірдей, өйткені іріктемелер салмақтары қалыпқа келтірілген (стандартталған).

### НН.5 кестесі. 5 жасқа дейінгі балалардың негізгі сипаттамалары

5 жасқа дейінгі балаларды таңдалған сипаттамалар бойынша пайыздық және жиілікті бөлу, Қазақстан, 2015 жыл

	Өлшенген пайыз	5 жасқа дейінгі балалардың саны	
		өлшенген	өшенбеген
Барлығы	100,0	5 510	5 510
Жынысы			
Ер	50,7	2 796	2 833
Әйел	49,3	2 714	2 677
Өңір			
Ақмола	4,1	225	310
Ақтөбе	6,8	376	321
Алматы	7,5	413	309
Атырау	3,7	202	401
Батыс Қазақстан	4,1	227	302
Жамбыл	7,5	414	425
Қарағанды	6,9	381	274
Қостанай	4,3	239	339
Қызылорда	3,9	214	495
Маңғыстау	4,1	224	474
Оңтүстік Қазақстан	22,6	1 246	520
Павлодар	3,0	166	254
Солтүстік Қазақстан	2,1	117	248
Шығыс Қазақстан	5,0	274	221
Астана қ.	9,1	501	312
Алматы қ.	5,3	292	305
Жер			
Қалалық	49,1	2 704	3 041
Ауылдық	50,9	2 806	2 469
Жасы			
0-5 ай	9,6	531	508
6-11 ай	9,8	540	529
12-23 ай	19,4	1 071	1 103
24-35 ай	19,0	1 045	1 093
36-47 ай	21,9	1 208	1 125
48-59 ай	20,2	1 114	1 152
5 жасқа дейінгі балалар туралы Сұрақнамаларға жауап берген адам			
Анасы	97,5	5 371	5 387
Негізгі күтімді жүзеге асыратын басқа адам	2,5	139	123
Анасының білімі <sup>а</sup>			
Білімі жоқ/Бастауыш	0,1	6	6
Негізгі орта	5,6	311	304
Жалпы орта	25,2	1 386	1 161
Техникалық және кәсіптік	28,3	1 559	1 716



	Өлшенген пайыз	5 жасқа дейінгі балалардың саны	
		өлшенген	өшенбеген
Жоғары	40,8	2 248	2 323
Әл-ауқат индексі квинтили			
Өте кедей	20,4	1 124	1 077
Екінші	22,1	1 218	1 042
Орташа	21,5	1 183	1 232
Төртінші	17,5	966	1 088
Өте бай	18,5	1 019	1 071
Үй шаруашылығы иесінің ұлты			
Қазақтар	69,7	3 838	4 091
Орыстар	12,5	687	777
Басқалар	17,9	985	642

<sup>a</sup> Берілген кестеде «анасының білімі» деген сөздер бес жасқа дейінгі балалардың аналарының, егер анасы қайтыс болса немесе басқа жерде тұрып жатса, 5 жасқа дейінгі балалар туралы Сұрақнамаға жауап берген, негізгі күтімді жүзеге асыратын адамдардың білімі деңгейін білдіреді.

### Тұрғын үй сипаттамалары, мүлікке иелік ету және әл-ауқат квинтили

НН.6, НН.7 және НН.8 кестесілерінде үй шаруашылықтарының сипаттамалары туралы бұдан арғы ақпарат берілген. НН.6 кестесінде жер типі мен өңір бойынша бөлінген тұрғын үйдің сипаттамалары ұсынылған; тұрғын үйде электрдің барлығы немесе жоқтығы бойынша, еденнің (шатырдың) немесе сыртқы қабырғаның негізгі материалдары бойынша және жатын бөлме ретінде пайдаланылатын бөлмелердің саны бойынша үй шаруашылықтарын бөлу берілген.

Тұтастай алғанда ел бойынша қалалық та (100 пайыз), ауылдық та (99,9 пайыз) жердегі үй шаруашылықтарында электр қуаты бар, 6 өңірдің ауылдық жерлеріндегі жекелеген үй шаруашылықтарын қоспағанда. Қазақстанда 2009 жылғы халық санағы бойынша электр қуатымен жабдықтау (96,9 пайыз) құрады.

Үй шаруашылықтарының шамамен үштен екісі беті өңделген едендері бар үй-жайларда тұрып жатыр, бұл ретте қалалық жерде мұндай үй шаруашылықтары 81,8 пайыз, ауылдық жерде – 42,4 пайыз. Үй шаруашылықтарының 33,2 пайызының жай едендері бар, бұл ретте ауылдық жерде мұндай үй шаруашылықтары 55 пайыздан астам, қалалық жерде

– 20 пайыздан аз.

Қалалық та, ауылдық та жерлерде үй шаруашылықтарының 99 пайыздан астамы беті өңделген шатырмен жабылған үй жайларда тұрып жатыр; өңірлер бойынша айрықша ерекшелік байқалмайды.

Елдің үй шаруашылықтарының 92,8 пайызы сыртқы қабырғалармен өңделген үй-жайларда тұрып жатыр, қалалық жерде мұндай үй шаруашылықтарының үлесі және 95,1 пайызды, ауылдық жерде – 89,3 пайызды құрайды.

Үй шаруашылығында жатын бөлме ретінде пайдаланылатын 1 бөлмеге тиесілі адамдардың орташа саны 1,8 адамды құрады, қалалық және ауылдық жерлер бойынша айырмашылықтар жоқ (1,7 және 1,8 адам тиісінше). Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Астана қаласының үй шаруашылықтарында көрсеткіштер шамалы жоғары – 1 бөлмеге адамдардың орташа саны шамамен 2 адамды құрады. Бір бөлмені жатын бөлме ретінде пайдаланылатын тұлғалардың орташа саны елдің басқа өңірлерінде Шығыс Қазақстан облысында 1,4 адамнан және Батыс Қазақстан облысы және Алматы облысында 1,8 адамға дейін құбылады.

### НН.6 кестесі. Тұрғын үй сипаттамасы

Тұрғын үйдің таңдалған сипаттамалары бойынша үй шаруашылықтарын пайыздық бөлу, Қазақстан, 2015 жыл

	Барлығы	Жергілікті жер		Өңір																
		қалалық	ауылдық	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Батыс Қазақстан	Жамбыл	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Оңтүстік Қазақстан	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Астана қ.	Алматы қ.	
Электр																				
Ия	100,0	100,0	99,9	99,9	100,0	100,0	100,0	99,7	99,9	100,0	99,9	100,0	100,0	100,0	100,0	99,9	99,9	100,0	100,0	
Жоқ	0,0	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0	0,3	0,1	0,0	0,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0	
Едендер																				
Жай еден	33,2	18,1	56,4	29,8	23,0	47,6	18,2	44,6	54,8	16,1	27,8	70,0	11,7	63,0	28,4	38,3	45,0	1,5	8,7	
Беті өңделген еден	66,2	81,8	42,4	69,8	76,2	52,4	81,7	54,7	45,2	83,9	72,2	28,8	88,2	34,0	71,4	60,9	54,5	98,5	91,0	
Басқасы	0,6	0,2	1,2	0,4	0,3	0,0	0,1	0,7	0,0	0,0	0,0	1,2	0,0	3,0	0,1	0,8	0,4	0,0	0,2	

	Барлығы	Жергілікті жер		Өңір																
		қалалық	ауылдық	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Батыс Қазақстан	Жамбыл	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Оңтүстік Қазақстан	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Астана қ.	Алматы қ.	
Өткізу/БМ	0,0	0,0	0,1	0,0	0,5	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0	0,1	0,0	0,0	0,0	0,1	
Шатыр																				
Жай шатыр	0,3	0,1	0,5	0,0	0,1	0,5	0,3	0,0	0,0	0,1	0,0	0,3	0,8	1,2	0,3	0,0	0,2	0,0	0,2	
Беті өңделген шатыр	99,4	99,6	99,1	99,6	98,7	99,5	99,1	99,4	100,0	99,7	99,8	99,1	99,0	98,7	99,7	99,5	99,6	98,9	99,8	
Басқасы	0,3	0,3	0,4	0,3	1,1	0,0	0,6	0,6	0,0	0,2	0,2	0,6	0,0	0,1	0,0	0,5	0,2	1,1	0,0	
Өткізу/БМ	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,1	
Сыртқы қабырғалар																				
Жай қабырғалар	1,0	0,4	2,0	0,3	1,0	3,7	2,2	2,1	1,8	0,5	0,0	0,3	0,2	1,0	1,3	0,8	0,8	0,4	0,3	
Беті өңделген қабырғалар	92,8	95,1	89,3	92,6	94,8	83,5	97,7	96,6	97,7	91,6	98,0	38,5	99,6	98,8	98,4	74,2	98,2	93,1	94,7	
Басқасы	6,2	4,5	8,7	7,0	4,2	12,8	0,1	1,3	0,5	7,9	2,0	61,1	0,0	0,2	0,2	25,0	1,0	6,5	5,0	
Өткізу/БМ	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	
Жатын бөлме ретінде пайдаланылатын бөлмелер																				
1	30,4	39,0	17,3	37,3	17,7	25,6	28,2	28,6	12,1	45,1	38,4	14,3	20,8	11,4	41,7	38,9	28,4	51,4	36,9	
2	43,7	42,5	45,4	44,4	48,5	44,6	43,8	48,6	39,3	42,1	45,2	42,9	40,2	41,4	46,7	46,7	48,0	39,3	40,6	
3 және одан көп	25,5	18,1	36,9	17,9	33,1	29,3	27,0	22,1	48,4	12,8	16,2	42,2	38,9	47,0	11,4	14,1	23,5	9,2	21,1	
Өткізу/БМ	0,4	0,4	0,4	0,4	0,6	0,5	1,1	0,7	0,2	0,0	0,1	0,6	0,1	0,2	0,2	0,2	0,2	0,1	1,4	
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	
Үй шаруашылықтары саны	16 500	9 967	6 533	944	983	1 260	456	764	880	1 614	978	402	412	2 055	829	645	1 523	1 310	1 445	
Жатын бөлме ретінде пайдаланылатын бөлмеге адамдардың орташа саны	1,77	1,73	1,83	1,66	1,74	1,78	2,00	1,81	1,72	1,72	1,70	2,00	1,98	2,03	1,64	1,55	1,42	2,08	1,64	

НН.7 кестесінде үйге қажетті түрлі мүлікке иелік ету бойынша үй шаруашылықтарын бөлу, сондай-ақ жекелеген үй шаруашылықтары мүшелерінің жеке пайдаланатын заттарға иелік етуі берілген. Мұнда сонымен қатар тұрғын үйге иелік ету де қамтылады.

Іс жүзінде елдегі шамамен, қалалық та, ауылдық та жердің барлық үй шаруашылықтарының билігінде теледидар (99 пайызынан астамында), өңірлер бойынша шамалы ерекшеліктер бар (98,3-99,7 пайыз). Үстел және шкаф/шифоньер сияқты үйге қажет құралдарға – шамамен үй шаруашылықтарының 97-98 пайызы ие, үй шаруашылықтарының 90 пайызынан көбінде дивандар мен кереуеттер бар; тоңазытқыш әрбір үй шаруашылығында бар деуге болады (98,2 пайыз), кір жуатын машина – үй шаруашылықтарының 88,2 пайызында, бұл ретте қалалық жерде мұндай үй шаруашылықтарының үлесі біршама жоғары – 91,3 пайыз, ауылдық жерлерде – 83,3 пайыз. Үй шаруашылықтарының 80 пайызында шаңсорғыш бар (85,0 пайыз – қалалық және 70,2 пайыз ауылдық жер); шағын толқынды пеш үй шаруашылықтарының 60 пайыздан астамында бар (74,5 пайыз – қалалық және 47,8 пайыз – ауылдық

жер). Үй шаруашылықтарының 15,9 пайызында кондиционерлер бар, ал үй шаруашылықтарының 3,6 пайызында ыдыс жуатын машина бар, мұндай техниканы ауылдық жердегі үй шаруашылықтарына қарағанда, қалалық үй шаруашылықтарының тұрғындары иеленеді бар. Стационарлық телефонмен үй шаруашылықтарының 70 пайыздан астамы жарақтандырылған (77,8 пайыз – қалалық және 59,1 пайыз – ауылдық жер). Радиоқабылдағыштар үй шаруашылықтарында мұнша кең таралмаған – олар үй шаруашылықтарының тек 7,3 пайызында ғана бар.

Тұтастай алғанда ел бойынша үй шаруашылықтарының үштен бір бөлігі (32,7 пайызы) ауыл шаруашылығы жерлерінің меншік иелері болып табылады, ал үй шаруашылығының 25,1 пайызы ауыл шаруашылығы жануарлары/мал немесе құстың иелері болып табылады. Ауыл шаруашылығы жерлерін меншік құқығы, соны мен бірге ауылшаруашылық жануарлардың/малдың және құстың меншікке алу ауылдық жерлерде көбірек таралған (53,4 және 56,5 пайыз тиісінше) қалалық жерлермен салыстырғанда (19,1 және 4,5 пайыз тиісінше). Ауыл шаруашылығы жерлерінің меншік иелері арасында Солтүстік

Қазақстан облысы үй шаруашылықтарының жоғары үлесін – 69,2 пайызды, сондай-ақ мына өңірлерді атап өтуге болады: Жамбыл, Ақмола, Алматы, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары, - олардың әрқайсысында үй шаруашылықтарының жартысынан астамы ауыл шаруашылығы алқаптарының меншік иелері болып табылады.

Ақмола, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының шамамен 40-45 пайызы ауыл шаруашылығы жануарларының/ малдарының немесе құстардың иелері болып табылады.

Елдің үй шаруашылықтарының жартысы мүшелерінің тым болмағанда біреуінде жеңіл немесе жүк автомобилі; 55 пайызынан астамының – компьютері немесе ноутбугы, үй шаруашылықтарының төрттен бірінің (25,3 пайызы) планшеттері; сол уақытта үй шаруашылықтарының 79,0 пайызының қалай болғанда да біреуінің банкте есеп шоты бар. Мобильді телефондар мен смартфондар елде кең таралды және оларға үй шаруашылықтарының 95 пайыздан астамы ие, кем дегенде оның мүшелерінің біреуінде телефон

немесе смартфон бар, бұл ретте қалалық және ауылдық үй шаруашылықтары арасында айырмашылық жоқ деуге болады.

90 пайыз жағдайларда үй шаруашылықтарының мүшелері тұрғынжайлардың меншік иелері болып табылады, бұл ретте қалалық және ауылдық үй шаруашылықтары мүшелерінің (тиісінше 83,7 және 95,9 пайыз) көзге түсерлік айырмашылық бар. Үй шаруашылықтарының 9,4 пайыз жағдайларында тұрғын үйді жалдап тұруда. Мүшелері тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын үй шаруашылықтарының ең төмен пайызы еліміздің екі ірі мегаполистерінде байқалады: Астана қаласында – 61,6 пайыз және Алматы қаласында – 79,5 пайыз; сәйкесінше, тұрғын үйді жалға алатын үй шаруашылықтарының үлесі де осы қалаларда аса жоғары (тиісінше 34,2 және 18,0 пайыз).

Қазақстанда 2009 жылғы халық санағы қорытындылары бойынша үй шаруашылықтарының 91 пайызы тұрғын үйлердің меншік иелері болып табылды, бұл берілген зерттеулерге сәйкес келеді.

#### НН.7 кестесі. Тұрғын үй мүлкі және жеке пайдаланылатын құралдар

Тұратын жеріне және өңірлерге сәйкес мүлікке және жеке пайдаланылатын құралдарға иелік ету және тұрғын үйге меншік құқығы бойынша үй шаруашылықтарының пайызы, Қазақстан, 2015 жыл

	Барлығы	Жер			Өңір					
		қалалық	ауылдық	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Батыс Қазақстан	Жамбыл	Қарағанды
Мыналары бар үй шаруашылықтарының пайызы:										
Радиоқабылдағыш	7,3	7,4	7,2	7,9	6,5	3,4	15,8	11,9	7,6	1,2
Теледидар	99,3	99,2	99,3	98,5	99,6	99,7	99,6	98,6	99,0	98,8
Стационарлық телефон	70,4	77,8	59,1	82,2	83,0	60,1	84,2	58,6	44,1	79,9
Тоңазытқыш	98,2	99,1	96,9	96,2	99,0	98,8	98,4	97,0	96,4	98,7
Шағын толқынды пеш	63,9	74,5	47,8	56,8	62,4	57,0	61,0	48,9	47,5	70,2
Үстел	98,4	99,1	97,3	99,7	99,3	99,9	94,3	93,6	99,5	99,8
Диван	92,1	93,3	90,3	98,3	89,7	97,6	73,0	88,7	94,3	97,7
Кереует	91,1	90,0	92,8	95,7	81,2	97,0	59,9	95,1	96,2	96,8
Шкаф	97,9	98,1	97,5	98,6	97,5	98,8	97,4	97,6	98,0	98,0
Ыдыс жуатын машина	3,6	5,2	1,1	0,9	1,1	2,5	2,2	1,3	2,0	3,1
Кір жуатын машина	88,2	91,3	83,3	92,7	83,4	86,6	84,7	79,5	85,0	91,3
Салқындатқыш	15,9	20,7	8,7	1,0	14,6	5,9	75,3	17,1	9,2	9,7
Шаңсорғыш	79,2	85,0	70,2	77,5	80,8	79,8	81,5	76,7	73,2	84,2
Мыналары бар үй шаруашылықтарының пайызы:										
Ауыл шаруашылық жерлері	32,7	19,1	53,4	54,8	21,5	54,1	5,7	25,5	58,1	35,1
Ауыл шаруашылық жануарлары/мал	25,1	4,5	56,5	38,5	34,3	27,5	18,8	37,3	34,1	14,5
Бір мүшесінде жоқ дегенде мыналар бар үй шаруашылықтарының пайызы:										
Мобильді телефон немесе смартфон	96,6	96,5	96,7	94,9	97,7	98,7	99,6	95,6	97,3	93,7
Велосипед	18,9	14,6	25,3	32,4	9,7	11,7	13,1	33,7	20,8	19,4
Мотоцикл немесе мотороллер	2,9	1,4	5,1	5,5	2,8	1,2	2,2	3,0	2,3	3,1
Көлік арба	2,1	0,2	5,0	2,7	0,9	4,0	0,9	3,4	1,5	0,2
Автомашина немесе жүк машинасы	50,0	48,0	53,0	44,7	48,6	52,7	46,8	42,0	49,4	43,1
Трактор	2,9	0,3	6,9	4,5	4,6	2,5	2,6	4,7	2,5	3,4
Моторлы қайық	0,3	0,3	0,2	0,0	0,1	0,5	0,2	0,1	0,0	0,0
Компьютер немесе ноутбук	55,8	62,6	45,5	56,4	50,1	50,7	65,1	47,6	48,1	63,8
Планшет	25,3	30,4	17,5	23,3	22,5	24,9	28,7	23,5	17,4	33,7
Банк шоты	79,0	84,6	70,4	71,8	89,1	65,9	86,5	62,5	77,4	72,9
Тұрғын үйге меншік құқығы										
Үй шаруашылығы мүшесіне тиесілі	88,6	83,7	95,9	90,2	92,8	94,5	88,8	91,4	90,0	92,4
Меншікте емесі	11,4	16,2	4,0	9,8	6,7	5,5	11,1	8,5	10,0	7,5
Жалда	9,4	13,6	3,0	5,9	6,7	5,3	8,2	7,4	7,7	5,3
Басқасы	1,9	2,6	0,9	3,9	0,0	0,2	2,9	1,1	2,3	2,2
Өткізу/БМ	0,1	0,0	0,1	0,0	0,5	0,0	0,1	0,1	0,0	0,1
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Үй шаруашылықтарының саны	16 500	9 967	6 533	944	983	1 260	456	764	880	1 614

	Өңір (жалғасы)								
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Оңтүстік Қазақстан	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Астана қ.	Алматы қ.
Мыналары бар үй шаруашылықтарының пайызы:									
Радиоқабылдағыш	13,6	4,2	6,8	9,3	12,5	0,1	4,9	7,3	9,0
Теледидар	99,2	99,3	99,6	99,7	99,1	98,3	99,0	99,6	99,7
Стационарлық телефон	84,2	57,7	71,8	35,5	84,9	83,7	75,7	72,4	92,0
Тоңазытқыш	98,0	97,0	99,5	97,3	99,0	97,3	98,9	98,6	99,8
Шағын толқынды пеш	65,1	48,3	79,8	50,0	74,7	54,2	59,8	87,3	87,5
Үстел	99,9	85,4	91,7	96,2	99,8	100,0	100,0	100,0	99,9
Диван	97,2	71,2	72,4	82,8	98,8	98,4	97,6	87,1	98,8
Кереует	94,5	72,4	81,3	88,7	98,6	95,0	96,7	85,2	90,9
Шкаф	99,0	93,9	96,7	95,8	99,3	99,5	98,3	97,0	99,4
Ыдыс жуатын машина	3,9	0,8	3,3	0,9	1,7	2,0	2,0	11,8	11,7
Кір жуатын машина	95,3	72,7	89,8	78,4	91,4	95,3	89,3	93,7	95,4
Салқындатқыш	9,1	26,4	86,9	13,2	14,8	2,6	6,9	18,9	25,9
Шаңсорғыш	85,3	56,7	82,1	61,9	82,0	81,2	81,9	84,2	93,1
Мыналары бар үй шаруашылықтарының пайызы:									
Ауыл шаруашылығы жерлері	54,1	7,5	1,9	20,6	38,1	69,2	51,2	4,0	6,7
Ауыл шаруашылығы жануарлары/мал	28,5	34,3	16,8	45,5	15,2	44,0	20,5	0,8	2,6
Бір мүшесінде жоқ дегенде мыналар бар үй шаруашылықтарының пайызы:									
Мобильді телефон немесе смартфон	94,1	99,0	99,0	99,1	94,0	92,8	93,4	98,8	98,5
Велосипед	32,0	17,4	9,8	17,2	24,1	27,2	16,8	10,3	14,6
Мотоцикл немесе мотороллер	4,3	4,4	2,2	0,8	2,6	8,2	4,4	0,4	2,8
Көлік арба	1,0	1,9	0,1	4,8	1,6	5,5	3,1	0,1	0,2
Автомашина немесе жүк машинасы	48,2	44,2	60,2	60,3	41,0	45,4	44,3	52,8	61,5
Трактор	2,8	1,7	0,8	3,1	3,0	8,1	3,6	0,3	0,1
Моторлы қайық	0,8	0,5	0,4	0,0	0,4	0,7	0,9	0,1	0,2
Компьютер немесе ноутбук	68,2	47,3	70,5	36,3	60,3	57,6	59,0	60,0	68,2
Планшет	31,1	16,6	35,2	9,7	23,2	19,7	24,3	40,0	33,2
Банк шоты	76,9	77,3	95,7	86,8	81,3	67,7	68,1	90,7	92,7
Тұрғын үйге меншік құқығы									
Үй шаруашылығы мүшесіне тиесілі	91,1	95,2	92,0	93,4	92,0	91,5	91,2	61,6	79,5
Меншікте емесі	8,9	4,8	8,0	6,6	8,0	8,4	8,7	38,4	20,4
Жалда	7,7	4,4	6,6	5,8	7,3	5,0	5,3	34,2	18,0
Басқасы	1,2	0,4	1,3	0,8	0,7	3,5	3,3	4,2	2,4
Өткізу/БМ	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Үй шаруашылықтарының саны	978	402	412	2 055	829	645	1 523	1 310	1 445

НН.8 кестесінде үй шаруашылықтары әл-ауқаты индекстерінің квинтильдері бойынша жерлер мен өңірлердің түрлі типтерінен үй шаруашылықтары халқын бөлу көрсетілген. Кестені талдау кезінде үй шаруашылықтарын өңірлер бойынша, қалалық және ауылдық жерлер, сондай-ақ әл-ауқат квинтильдері бойынша әртараптандыру көрініп тұр. Ауылдық үй шаруашылықтарының үштен бір бөлігінің астамы (36,8 пайызы) қалалық үй шаруашылықтарының 5,2 пайызымен салыстырғанда ең төмен квинтильді топқа жатады және керісінше қалалық үй шаруашылықтарының 36,2 пайызы ауылдық жердің

Темекі бұйымдары – бұл шегу, сору, шайнау немесе иіскеу үшін арналған шикізат ретінде толық немесе ішінара темекі жапырағынан дайындалған бұйымдар. Темекі бұйымдарының түрлері – шегетін және шекпейтін, тұтыну қасиеттері мен тұтынудың бойынша ұқсас темекі бұйымдарының жиынтығы. Оларға сигареттер, сигаралар, сигариллалар (сигариттер) папиростар, кальянға арналған темекі, шегетін жіңішке қиылған темекі, түтікшелі темекі, биди, кретек, соратын темекі, шайнайтын темекі, иіскейтін темекі, насыбай және басқа да темекі бұйымдары жатады. Олардың барлығында психологиялық белсенді, қатты үйренуді тудыратын: никотин бар. Темекі бұйымдарын қолдану – созылмалы аурулардың, оның ішінде обыр, өкпе және жүрек-қан тамырлары ауруларының бірқатары қатерінің негізгі факторларының бірі.<sup>64)</sup> Әйелдер, әсіресе жас әйелдер арасында, темекі шегу өздерінің денсаулығына және балаларының денсаулығына, сондай-ақ жүктіліктің өтуіне және оның соңына елеулі әсер етеді. Әйелдердің жүкті кезінде темекі шегуі іштегі нәрестенің жатыр ішінде дамуына теріс ықпал етеді; оның үстіне түсік тастау немесе нәрестенің шала тууы, сондай-ақ туа біткен патологиялардың немесе жаңа туылған нәресте салмағының кем болуы ықтималдығы

### Темекі бұйымдарын қолдану

ТА.1 кестесінде 15-49 жастағы әйелдердің бұрын және қазіргі уақытта темекі(темекі бұйымдарын) қолдануы туралы деректер келтірілген.

2015 жылғы MICS нәтижелері бойынша Қазақстанда әйелдердің 26,9 пайызы қашан да болса белгілі бір темекі бұйымын қолданғанын, бұл ретте әйелдердің 8,4 пайызы сигареттер шеккенін немесе шегетін немесе шекпейтін темекі бұйымдарын зерттеуге дейін соңғы ай ішінде бір немесе бірнеше күн ішінде қолданғанын хабарлады.

Қалалық жерде әйелдердің қашан да болса темекі бұйымдарын қолдануы, ауылдық жерге қарағанда, жоғары (тиісінше 34,7 және 16,9 пайыз); соңғы айда темекі шеккен қалалық әйелдердің үлесі, ауылдық әйелдерден екі еседен асады (тиісінше 11,4 және 4,7 пайыз). Қашан да болса темекі бұйымдарын қолданған әйелдер Алматы қаласында, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында (44,1-46,1 пайыз) көп. Әйелдердің 10 пайыздан кемі Қызылорда, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында (тиісінше 7,8, 8,8 және 9,9 пайыз) кез-келген темекі бұйымдарын қолданған. Қашан болмасын темекі бұйымдарын қолданған әйелдердің 18,3 пайызы тек сигареттерді шеккен, бұл ретте олардың 5,7 пайызы сигареттер және басқа темекі бұйымдарын шеккен. Соңғы ай ішінде темекі бұйымдарынан әйелдердің 7,1 пайызы тек сигареттерді шеккен. 25-29 жас, 30-34 жас және 35-39 жастағы шамамен әйелдердің үштен бірі (32 пайызға жуық) қашан да болса кез келген темекі

– жүкті кезінде темекі шегетін әйелдер үшін жеткілікті қатер тудырады.

Алкогольді шамадан тыс қолдану оның масаңдататын, ұятты және тәуелділік туындататын қасиеттеріне байланысты денсаулық және әлеуметтік салдар үшін жағымсыз салдар қатеріне әкеп соғады. Ұзақ мерзімді перспективада алкоголь ішімдіктерін шамадан тыс қолдану жүрек-қан тамырлары жүйесінің проблемаларына, неврологиялық бұзылуларға, бауырдың ауыруына және әлеуметтік проблемаларға әкеп соғуы мүмкін. Алкоголь ішімдіктері шамадан тыс қолданатын адамдарда дамуы мүмкін созылмалы аурулардан басқа, жарақаттардың, оның ішінде жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) нәтижесінде, себебі болады.<sup>65)</sup> Алкогольді шамадан тыс қолдану отбасылық қарым-қатынасты бұзады, балалардың тиісінше тәрбиеленуіне теріс әсер етеді және осылайша тұтастай, қоғамның көп бөлігіне жағымсыз әсер етеді.<sup>66)</sup>

Қазақстанда 2015 жылғы MICS барысында бұрын және қазіргі уақытта темекі бұйымдары мен алкогольді қолдану, оларды 15-49 жастағы әйелдердің қолдану қарқыны туралы ақпарат жиналды. Бұл бөлімде негізгі нәтижелер көрсетілген.

бұйымдарын қолданған. Осы әйелдердің жас топтары және 40-44 жастағы әйелдер соңғы ай ішінде темекі бұйымдарын қолданғандар арасында (шамамен 9-11 пайыз) басымдыққа ие (ТА.1 графигі). Қашан да болса және соңғы ай ішінде темекі бұйымдарын ең жас тобы 15-19 жастағы әйелдер аз қолданған (тиісінше 8,4 және 2,3 пайыз). Кем дегенде 5 жасқа дейінгі бір баласы бар үй шаруашылығында тұратын және темекі бұйымдарын қолданған әйелдердің үлесі, балалары жоқ үй шаруашылығында тұратындарға қарағанда, төмен (тиісінше 22,0 және 30,2 пайыз), ал соңғы айда темекі шеккендер арасында олардың үлесі екі есе азайған (тиісінше 5,0 және 10,8 пайыз).

Молшылық деңгейі жоғары үй шаруашылығынан шыққан, қашан да болса темекі бұйымдарын қолданған әйелдер үлесі, әл-ауқат деңгейі төмен үй шаруашылықтары арасындағыларға қарағанда, екі есе жоғары (тиісінше 37,3 және 17,1 пайыз).

Қашан да болса темекі бұйымдарын қолданған әйелдердің арасында ұлты орыстар жартысынан (56,8 пайыз) көп, шамамен осындай жағдай соңғы ай ішінде темекі бұйымдарын қолданумен сақталды (23,4 пайыз).

Әйелдердің 73 пайызы ешқашан шекпегенін және темекі бұйымдарының қандай да бір түрін қолданбағанын айтты, бұл ретте ауылдық жерде мұндай әйелдердің үлесі қалалық әйелдерден әлдеқайда басып озады (тиісінше 83,1 және 65,2 пайыз).

<sup>64)</sup> ДДҰ. <http://www.who.int/topics/tobacco/en/>

<sup>65)</sup> ДДҰ. [http://www.who.int/topics/alcohol\\_drinking/en/](http://www.who.int/topics/alcohol_drinking/en/)

<sup>66)</sup> ДДҰ. <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs349/en/>

**ТА.1 кестесі. Темекі бұйымдарын бұрын және қазіргі уақытта қолдану**


Темекі бұйымдарын қолдану моделіне қарай 15-49 жастағы әйелдердің пайыздық үлесі, Қазақстан, 2015 жыл

	Сигареттерді ешқашан шекпеген және темекі бұйымдарын қолданбаған	Қашан да болса қолданған:				Соңғы айда кез келген уақытта темекі бұйымдарын қолданған				15-49 жастағы әйелдер саны
		тек сигареттер	сигареттер және басқа да темекі бұйымдары	тек басқа темекі бұйымдары	кез келген темекі бұйымдары	тек сигареттер	сигареттер және басқа да темекі бұйымдары	тек басқа темекі бұйымдары	кез келген темекі бұйымдары	
Барлығы	73,0	18,3	5,7	2,8	26,9	7,1	0,5	0,8	8,4	12 670
Жасы										
15-19	91,5	4,3	1,7	2,5	8,4	0,9	0,2	1,2	2,3	1 346
15-17	94,6	3,2	0,8	1,3	5,3	0,4	0,0	0,5	0,9	855
18-19	86,2	6,2	3,3	4,4	13,8	1,7	0,4	2,5	4,7	491
20-24	75,1	11,3	7,8	5,7	24,8	5,1	0,9	2,1	8,1	1 768
25-29	67,8	18,4	8,8	4,9	32,1	6,8	0,9	1,5	9,2	2 161
30-34	66,9	22,4	8,3	2,1	32,8	8,1	0,7	0,5	9,2	1 998
35-39	67,6	25,2	5,8	1,4	32,4	10,2	0,7	0,1	11,0	1 870
40-44	70,8	24,0	3,1	2,1	29,1	9,0	0,3	0,2	9,5	1 862
45-49	78,4	18,3	2,6	0,7	21,5	7,5	0,1	0,2	7,8	1 665
Өңір										
Ақмола	61,8	29,0	6,3	2,8	38,2	11,9	0,0	0,1	12,0	624
Ақтөбе	90,1	9,2	0,5	0,2	9,9	1,4	0,0	0,0	1,5	806
Алматы	63,8	26,8	7,6	1,7	36,1	11,1	0,8	1,0	12,9	1 042
Атырау	89,5	8,3	1,7	0,5	10,5	1,9	0,1	0,0	2,0	402
Батыс Қазақстан	87,1	9,5	1,8	1,5	12,8	4,6	0,1	0,1	4,8	572
Жамбыл	81,7	13,7	3,1	1,4	18,3	5,0	0,0	0,6	5,6	778
Қарағанды	62,9	25,2	7,3	4,5	37,1	12,0	0,3	0,3	12,6	1 035
Қостанай	53,8	33,4	9,2	3,5	46,1	10,5	0,4	2,1	13,0	675
Қызылорда	92,0	5,4	1,0	1,4	7,8	1,1	0,0	0,4	1,5	399
Маңғыстау	91,2	3,6	2,3	2,9	8,8	2,0	0,2	0,8	2,9	408
Оңтүстік Қазақстан	88,6	9,5	0,8	0,9	11,1	2,1	0,1	0,1	2,3	2 079
Павлодар	62,2	27,6	7,7	2,5	37,8	11,4	0,3	1,6	13,3	517
Солтүстік Қазақстан	55,1	32,9	9,2	2,8	44,8	11,8	0,3	0,6	12,7	351
Шығыс Қазақстан	66,5	20,9	8,0	4,7	33,5	8,4	0,2	1,1	9,8	880
Астана қ.	66,1	18,4	9,3	6,2	33,8	5,1	0,6	2,1	7,8	1 086
Алматы қ.	55,9	23,0	14,8	6,2	44,1	13,7	4,0	2,2	19,9	1 015
Жергілікті жер										
Қалалық	65,2	22,2	8,4	4,0	34,7	9,2	0,8	1,4	11,4	7 140
Ауылдық	83,1	13,3	2,3	1,3	16,9	4,3	0,2	0,1	4,7	5 530
Білімі										
Білімі жоқ/Бастауыш	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	16
Негізгі орта	74,9	21,4	2,9	0,6	25,0	13,2	0,4	0,6	14,3	778
Жалпы орта	81,6	14,7	2,6	1,0	18,4	6,5	0,2	0,2	7,0	3 140
Техникалық және кәсіптік	70,0	21,9	6,0	2,2	30,0	8,3	0,7	0,6	9,6	3 990
Жоғары	69,5	17,3	8,1	4,9	30,4	5,4	0,7	1,4	7,5	4 745
Осы үй шаруашылығында бес жасқа дейінгі балалар кем дегенде										
біреу	77,9	15,3	4,4	2,3	22,0	4,5	0,2	0,3	5,0	5 128
жоқ	69,7	20,4	6,6	3,2	30,2	8,8	0,8	1,2	10,8	7 542
Әл-ауқат квинтили										
Өте кедей	82,8	14,9	1,7	0,5	17,1	5,5	0,1	0,1	5,7	2 276
Екінші	84,5	12,3	1,8	1,2	15,3	4,1	0,1	0,1	4,2	2 334
Орташа	75,8	17,8	4,4	1,9	24,2	7,0	0,3	0,6	7,8	2 464
Төртінші	63,4	22,5	9,6	4,5	36,6	10,0	1,1	1,6	12,6	2 708
Өте бай	62,7	22,5	9,6	5,2	37,3	8,1	1,0	1,6	10,6	2 888
Үй шаруашылығы иесінің ұлты										
Қазақтар	81,2	12,5	3,5	2,7	18,7	3,0	0,3	0,8	4,0	8 149
Орыстар	43,2	39,3	13,4	4,1	56,8	20,7	1,5	1,2	23,4	2 506
Басқалары	76,9	15,9	5,3	1,9	23,1	6,6	0,4	0,6	7,6	2 014
Өткізу/БМ	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	1

<sup>1)</sup> MICS 12.1-көрсеткіші - Темекі бұйымдарын қолдану

(\*) көрсеткіштер кемінде 25 өлшенбеген байқауларға негізделген.

ТА.1 графигі. Темекі бұйымдарын бұрын және қазіргі уақытта қолдану, Қазақстан, 2015 жыл



ТА.2 кестесінде 15 жасқа дейін тұтас сигаретті алғаш рет шеккен 15-49 жастағы әйелдердің пайыздық бөлінісі және шегу жиілігі бойынша әйелдердің пайыздық бөлінісі көрсетілген. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда әйелдер арасында 15 жасқа толғанға дейін шегуді бастаудың таралуы мардымсыз: әйелдердің 0,9 пайызы ғана 15 жасқа толғанға дейін алғашқы сигаретін шеккенін көрсетті. Білім деңгейі төмен және молшылық деңгейі жоғары үй шаруашылығында тұратындар қатарындағы жас әйелдер ерте (15 жасқа дейін) шегіп бастаған. Әйелдер арасында шегу жиілігі біреу тәулігіне 1-4 сигаретпен шектелсе, әйелдердің кейбір бөлігі сигареттердің шамадан тыс санын

(10-20 және одан да көп) қолданғанымен ерекшеленеді. Әйелдердің 28,2 пайызы 24 сағат ішінде 5-ден аз сигаретпен шектелсе, ал 29,0 пайызы - 5-9 сигаретпен шектелген. Соңғы 24 сағат ішінде сигарет шеккен әйелдер арасында, 10,5 пайызы осы уақыт ішінде 20 және одан да көп сигарет қолданған (кем дегенде сигареттің тұтас қорабын). Тәулік ішінде 10-19 дана сигарет шеккен әйелдердің үлесі 32,2 пайызды құрайды. Жоғары білімі бар әйелдерге қарағанда, білім деңгейі төмен әйелдер (15,8 және 8,0 пайыз тиісінше) 24 сағат ішінде 20 және одан да көп сигареттер шеккені ықтимал.

## ТА.2 кестесі. Сигареттерді қолдануды бастаған жасы және жиілігі

15 жасқа дейін тұтас сигаретті алғаш рет шеккен 15-49 жастағы әйелдердің пайыздық үлесі және соңғы 24 сағатта шеккен сигарет саны бойынша бөле отырып, қазіргі уақытта шегетін әйелдердің пайыздық бөлінісі, Қазақстан, 2015 жыл

	15 жасқа дейін тұтас сигаретті алғаш рет шеккен әйелдердің пайыздық үлесі <sup>1)</sup>	15-49 жастағы әйелдердің саны	Соңғы 24 сағатта шеккен сигарет саны						Қазіргі уақытта сигарет шегетін 15-49 жастағы әйелдердің саны
			5 аз	5-9	10-19	20+	БМ/Өткізу	барлығы	
Барлығы	0,9	12 670	28,2	29,0	32,2	10,5	0,2	100,0	964
Жасы									
15-19	1,0	1 346	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	14
15-17	1,0	855	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	3
18-19	0,9	491	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	11
20-24	0,9	1 768	32,4	28,9	28,9	9,7	0,0	100,0	105
25-29	1,5	2 161	35,7	29,1	28,7	5,7	0,8	100,0	166
30-34	1,1	1 998	21,1	34,4	36,1	8,4	0,0	100,0	175
35-39	0,9	1 870	25,2	27,3	32,7	14,8	0,0	100,0	204
40-44	0,4	1 862	29,3	25,1	33,9	11,6	0,0	100,0	174
45-49	0,1	1 665	26,7	29,7	32,7	10,6	0,3	100,0	127
Өңір									
Ақмола	2,2	624	49,3	24,4	18,2	8,1	0,0	100,0	74
Ақтөбе	0,2	806	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	11
Алматы	0,4	1 042	20,5	32,5	39,4	7,5	0,0	100,0	123
Атырау	0,5	402	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	8
Батыс Қазақстан	0,0	572	(23,0)	(34,0)	(28,1)	(14,9)	(0,0)	100,0	27
Жамбыл	0,4	778	(52,6)	(12,7)	(28,8)	(5,9)	(0,0)	100,0	39
Қарағанды	0,8	1 035	40,2	22,3	19,0	17,5	1,0	100,0	127
Қостанай	2,6	675	28,0	42,7	26,9	2,3	0,0	100,0	74
Қызылорда	0,2	399	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	5
Маңғыстау	0,1	408	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	9
Оңтүстік Қазақстан	0,1	2 079	(31,9)	(20,6)	(44,5)	(2,9)	(0,0)	100,0	47
Павлодар	1,8	517	21,7	30,8	42,9	4,5	0,0	100,0	60
Солтүстік Қазақстан	1,7	351	30,7	32,9	20,8	15,6	0,0	100,0	42
Шығыс Қазақстан	2,5	880	20,1	31,9	35,2	12,8	0,0	100,0	76
Астана қ.	0,7	1 086	19,8	30,8	38,0	11,4	0,0	100,0	62
Алматы қ.	1,1	1 015	16,1	29,3	41,0	13,5	0,0	100,0	180
Жергілікті жер									
Қалалық	1,2	7 140	26,4	28,1	34,8	10,4	0,2	100,0	714
Ауылдық	0,5	5 530	33,1	31,3	24,9	10,6	0,0	100,0	250
Білімі									
Білімі жоқ/ Бастауыш	(*)	16	-	-	-	-	-	0,0	0
Негізгі орта	2,7	778	27,3	22,3	34,7	15,8	0,0	100,0	106
Жалпы орта	0,9	3 140	25,5	24,4	38,2	11,6	0,2	100,0	211
Техникалық және кәсіптік	0,9	3 990	27,3	32,9	29,3	10,2	0,4	100,0	359
Жоғары	0,5	4 745	31,5	29,8	30,7	8,0	0,0	100,0	287
Осы үй шаруашылығында бес жасқа дейінгі балалар кем дегенде біреу жоқ	0,8 0,9	5 128 7 542	27,7 28,3	32,1 27,9	32,3 32,2	7,9 11,3	0,0 0,2	100,0 100,0	243 720
Өл-ауқат квинтили									
Өте кедей	0,6	2 276	37,8	22,3	27,4	12,5	0,0	100,0	128
Екінші	0,5	2 334	35,3	29,2	23,8	11,3	0,4	100,0	97
Орташа	0,8	2 464	23,3	31,6	32,2	13,0	0,0	100,0	179
Төртінші	1,2	2 708	24,7	32,5	31,6	11,2	0,0	100,0	299
Өте бай	1,1	2 888	28,1	26,3	38,5	6,6	0,5	100,0	261
Үй шаруашылығы иесінің ұлты									
Қазақтар	0,3	8 149	42,0	29,7	22,6	5,6	0,2	100,0	266
Орыстар	2,5	2 506	20,6	30,9	37,3	11,0	0,2	100,0	556
Басқалары	1,2	2 014	31,6	20,0	30,8	17,6	0,0	100,0	141
Өткізу/БМ	(*)	1	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	100,0	1

<sup>1)</sup> MICS 12.2-көрсеткіші - 15 жасқа дейін шегу

( ) көрсеткіштер 25 -49 зерттелмеген байқауға негізделген.

(\*) көрсеткіштер кемінде 25 өлшенбеген байқауларға негізделген.

“—” осы ұяшықтағы немесе бөлімдегі 0 өлшенбеген жағдайды білдіреді.

### Алкогольді қолдану

ТА.3 кестесінде 15-49 жастағы әйелдердің алкоголь ішімдіктерін қолдануы туралы деректер көрсетілген. Қазақстанда соңғы айда бір немесе бірнеше күн ішінде төрт әйелдің кем дегенде біреуі немесе 25,1 пайызы алкогольдің, ең болмаса, бір порциясын<sup>67)</sup> ішкен. Осы жас тобындағы әйелдердің 0,5 пайызы ғана алкогольді 15 жасқа толғанға дейін алғаш рет қолданған, сол уақытта әйелдердің 33,7 пайызы алкоголь ішімдіктерін ешқашан қолданбаған. Соңғы айда бір немесе бірнеше күн ішінде жас әйелдермен салыстырғанда (15-19 жастағы әйелдерге – 3,1 пайыздан, 25-29 жастағы әйелдерге – 21,7 пайызға дейін көрсеткіш құбылады), 30 жастан 49 жасқа дейінгі әйелдер (30-дан 35 пайызға

дейін көрсеткіш ауытқиды) жиірек тұтынған. Алматы қаласында шамамен 45 пайыздан, сонымен қоса Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында соңғы ай ішінде алкогольдің ең болмаса бір порциясын тұтынған, бұл Маңғыстау облысы (3,5 пайыз) әйелдерінің ұқсас көрсеткіштерінен 7 есе, және Қызылорда, Атырау және Ақтөбе облыстарының әйелдерінен (көрсеткіш 11,7 пайыздан 13,5 пайызға дейін құбылады) - 3 есеге асады. Соңғы ай ішінде алкоголь ішімдіктерін қолданған қалалық әйелдердің үлесі, ауылдық жерлердің әйелдеріне қарағанда, біршама басым (28,8 және 20,4 пайыз тиісінше).

#### ТА.3 кестесі. Алкогольді қолдану

Алкогольдің бірде бір порциясын ішпеген 15-49 жастағы әйелдердің пайыздық үлесі, 15 жасқа толғанға дейін алкогольдің бір порциясын алғаш рет ішкен әйелдердің пайыздық үлесі және соңғы ай ішінде бір немесе бірнеше күн ішінде алкогольдің ең болмаса бір порциясын ішкен әйелдердің пайыздық үлесі, Қазақстан, 2015 жыл

	Әйелдердің пайыздық үлесі, олар:			15-49 жастағы әйелдердің саны
	алкогольдің бірде бір порциясын ішпеген	15 жасқа толғанға дейін алкогольдің бір порциясын алғаш рет ішкен <sup>1)</sup>	соңғы ай ішінде бір немесе бірнеше күн ішінде алкогольдің ең болмаса бір порциясын ішкен <sup>2)</sup>	
Барлығы	33,7	0,5	25,1	12 670
Жасы				
15-19	83,8	1,1	3,1	1 346
15-17	91,2	1,4	,8	855
18-19	71,0	0,5	7,2	491
20-24	46,8	0,6	13,6	1 768
25-29	30,4	0,7	21,7	2 161
30-34	24,6	0,5	30,0	1 998
35-39	22,8	0,3	31,3	1 870
40-44	19,6	0,2	35,7	1 862
45-49	22,3	0,2	34,7	1 665
Өңір				
Ақмола	23,1	1,4	31,9	624
Ақтөбе	53,1	0,1	13,5	806
Алматы	33,5	0,0	26,2	1 042
Атырау	49,2	0,1	12,0	402
Батыс Қазақстан	37,6	0,1	19,8	572
Жамбыл	38,9	0,3	20,9	778
Қарағанды	27,7	0,8	27,1	1 035
Қостанай	13,4	1,0	44,6	675
Қызылорда	43,5	0,1	11,7	399
Маңғыстау	71,2	0,3	5,7	408
Оңтүстік Қазақстан	44,0	0,0	18,7	2 079
Павлодар	26,7	0,8	22,5	517
Солтүстік Қазақстан	12,5	1,9	45,4	351
Шығыс Қазақстан	26,0	1,4	34,3	880
Астана қ.	26,8	0,6	18,9	1 086
Алматы қ.	16,9	0,4	44,6	1 015
Жергілікті жер				
Қалалық	26,7	0,6	28,8	7 140
Ауылдық	42,7	0,3	20,4	5 530
Білімі				
Білімі жоқ/ Бастауыш	(*)	(*)	(*)	16
Негізгі орта	48,2	1,3	22,3	778
Жалпы орта	42,0	0,5	21,0	3 140
Техникалық және кәсіптік	32,0	0,5	27,5	3 990
Жоғары	27,0	0,4	26,3	4 745

<sup>67)</sup> Стандартты доза/порцияда таза алкогольдің шамамен 10 граммы бар, бірақ бұл мән әр түрлі елдерде әр түрлі болуы мүмкін. MICS сұрақнамасында алкогольдің бір порциясы болып МИКЗ бір сыраның бөлігі немесе бөтелкесі, бір шыны шарап немесе коньяк, арақ, виски немесе ром бір шынысы болып саналады.

	Әйелдердің пайыздық үлесі, олар:			15-49 жастағы әйелдердің саны
	алкогольдің бірде бір порциясын ішпеген	15 жасқа толғанға дейін алкогольдің бір порциясын алғаш рет ішкен <sup>1)</sup>	соңғы ай ішінде бір немесе бірнеше күн ішінде алкогольдің ең болмаса бір порциясын ішкен <sup>2)</sup>	
Әл-ауқат квинтили				
Өте кедей	39,6	0,4	22,9	2 276
Екінші	43,2	0,3	18,2	2 334
Орташа	38,5	0,6	23,4	2 464
Төртінші	26,6	0,4	30,0	2 708
Өте бай	23,8	0,7	29,4	2 888
Үй шаруашылығы иесінің ұлты				
Қазақтар	38,9	0,1	19,8	8 149
Орыстар	12,4	1,6	43,8	2 506
Басқалары	38,9	0,7	23,5	2 014
Өткізу/БМ	(*)	(*)	(*)	1

<sup>1)</sup> MICS 12.4-көрсеткіші – 15 жасқа дейін алкогольді қолдану.

<sup>2)</sup> MICS 12.3-көрсеткіші - Алкогольді қолдану.

(\*) көрсеткіштер кемінде 25 өлшенбеген байқауларға негізделген.

## А қосымша. Іріктемені құру

Осы Қосымшада Қазақстандағы 2015 жылғы MICS үшін іріктеменің негізгі сипаттамалары жазылған. Іріктемені құру нысаналы іріктеменің көлемін, іріктемені бөлуді, іріктеменің негізін және іріктемелі жиынтықтың тізімін құруды, аумақтық бірліктерді іріктеуді, іріктеменің сатыларын, іріктеме салмағын стратификациялау және есебін қамтиды.

Қазақстанда 2015 жылғы MICS өткізу үшін іріктемені құрудың негізгі міндеті қалалық және ауылдық жерлер, сондай-ақ елдің 16 әкімшілік аумағы (14 облыс және 2 қала): Ақмола, Ақтөбе, Алматы,

### Іріктеменің көлемі мен бөлінуі

Қазақстанда 2015 жылғы MICS үшін іріктеме көлемін айқындау кезінде алдымен 2010-2011 жылдардағы іріктеме дизайны және нақтылықтың өзіндік деңгейі зерттелді. Бағалаудың географиялық домендері MICS 2010-2011 жылдардағы секілді болды. 2015 жылғы MICS үшін іріктеме көлемін бағалау кезінде негізгі көрсеткіш болып «қазіргі уақытта ресми түрде некедегі немесе ресми емес одақтағы контрацептив пайдаланатын әйелдердің пайызы» таңдап алынды.

Келесі формула өңірлік деңгейде осы көрсеткіш бойынша іріктеменің талап етілетін көлемін бағалау үшін пайдаланылды:

$$n = \frac{4r(1-r)(deft)}{[(0,12r)^2(pb)(AveSize)(RR)]}$$

мұндағы,

- $n$  – үй шаруашылықтарының санымен көрсетілген іріктеменің талап етілетін көлемі
- 4 сенімділіктің 95 пайызына қол жеткізу үшін факторлардың бірі болып табылады
- $r$  – контрацептивті пайдаланатын әйелдердің пайыздық үлесі (өңірлер бойынша)
- $RR$  – жауаптардың күтілетін деңгейі
- $deff$  – нәтиже дизайнының қысқартылған мәні
- $0,12r$  – өңір үшін ақаулықтың жол берілетін шегі (максималды салыстырмалы қатеге сәйкес 12,0 пайыз)
- $pb$  –  $r$  көрсеткіші негізделетін халықтың жалпы санының пайызы
- $AveSize$  – үй шаруашылықтарының орташа саны (үй шаруашылықтары мүшелерінің саны).

Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, облыстары мен Астана және Алматы қалалары бойынша ұлттық деңгейде көрсеткіштердің көпшілігі бойынша статистикалық сенімді баға алу болды. 14 өңір мен 2 қала – Астана және Алматының әрбіреуінде қалалық және ауылдық аудандар іріктеменің бір қабаты ретінде айқындалды.

Зерттеу іріктемесі үшін топтық іріктеменің екі сатылы, көп қабатты тәсілі пайдаланылды.

Параметрлердің мәні өңірге байланысты өзгеру мүмкіндігін атап өткен жөн. Салыстырмалы ақаулықтың ұсынылатын мәні осы формулада пайдаланылатын максималды мәннен 0,05-тен 0,12 максималды мәнімен салыстырғанда әдеттегідей 0,12 (12 пайыз) құрайды.  $deff$  (нәтиже дизайны) алдыңғы зерттеулерден бағалаулар негізінде айқындалды,  $r$  мәні (қазіргі уақытта контрацептиваны пайдаланатын әйелдердің пайыздық үлесі) әрбір өңір үшін 0,35-тен 0,73 пайызға дейінді құрады, және  $AveSize$  мәні (үй шаруашылықтарының орташа көлемі) 2,8-ден 4,6 адамға дейінгі (2009 жылғы Халық санағы негізінде) құрады. Осы формуланы пайдалана отырып әрбір өңір үшін іріктеменің қажетті көлемі сандарды дөңгелетуді есепке ала отырып, 880-нен 1280 үй шаруашылықтары арасында құбылды, бұл жалпы 16800 үй шаруашылығын береді ( $SD.1$  кестесі).

Қазақстанда 2015 жылғы MICS үшін бір кластерде іріктеп алынған үй шаруашылықтарының саны 20 үй шаруашылығы деңгейінде, барлық жұмыстарды бір кластерде аяқтау үшін әрбір командаға талап етілетіндей дизайн-нәтиже, бюджеттің болуы және уақытты қосқанда, бірқатар түсініктерге сүйене отырып айқындалды. Бұл 840 кластер мен 16800 үй шаруашылықтарынан жалпы іріктемеге әкелді. Әрбір өңірде іріктеме қалалық және ауылдық аумақтар арасында әрбір стратадағы үй шаруашылықтарының санына пропорционалды түрде бөлінді.  $SD1$  кестесі кластерлер (іріктеме сегменттері) мен үй шаруашылықтарын өңірлер, қалалық және ауылдық страталар бойынша бөлуді көрсетеді.



**SD.1 кестесі. Іріктеме кластерлері мен үй шаруашылықтарын Қазақстанда 2015ж. MICS үшін өңірлер, қалалық және ауылдық жерлер бойынша бөлу**

Өңірлер	Кластерлер саны (ІББ)			Үй шаруашылықтарының саны		
	қалалық жер	ауылдық жер	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер	барлығы
Қазақстан	538	302	840	10 760	6 040	16 800
Ақмола	34	30	64	680	600	1 280
Ақтөбе	30	14	44	600	280	880
Алматы	14	32	46	280	640	920
Атырау	28	16	44	560	320	880
Батыс Қазақстан	28	20	48	560	400	960
Жамбыл	24	22	46	480	440	920
Қарағанды	46	10	56	920	200	1 120
Қостанай	38	26	64	760	520	1 280
Қызылорда	20	24	44	400	480	880
Маңғыстау	28	16	44	560	320	880
Оңтүстік Қазақстан	24	20	44	480	400	880
Павлодар	44	16	60	880	320	1 200
Солтүстік Қазақстан	30	34	64	600	680	1 280
Шығыс Қазақстан	38	22	60	760	440	1 200
Астана қаласы	48		48	960		960
Алматы қаласы	64		64	1 280		1 280

**Іріктеме негізі және кластерлерді таңдау**

MICS сияқты үй шаруашылықтарын ұлттық зерттеу үшін іріктеме негізі әдеттегідей соңғы Халық санағынан ақпарат пен картографиялық материалдарға негізделеді.

Қазақстандағы соңғы халық санағы ҚР ҰЭМ Статистика комитетімен (бұрынғы – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі) 2009 жылғы наурызда өткізілді. Бұл мақсаттар үшін Қазақстан аумағы 1672 санақ бөлімдеріне, 13419 нұсқамалық учаскеге және 55 540 есептеу учаскелеріне бөлінді. Әрбір нұсқамалық учаске орташа 1200 адамды, ал әрбір есептеу учаскесі орташа 300 адамды қамтыды.

Елде халық санағының барлық учаскелерінің аясы қолжетімді болғандықтан іріктеменің бастапқы бірлігі (ІББ) ретінде Қазақстанда 2015 жылғы MICS үшін санақтың есептеу учаскелері қарастырылатын болады деп шешілді. 2015 жылғы MICS үшін стратификацияланған екі сатылы іріктеме жоспары пайдаланылды.

2015 жылғы MICS үшін іріктеме дизайнының

**Тізімді құру**

Іріктеме негізі (2009 жылғы Халық санағының тізімі) ескіргендіктен барлық іріктеп алынған есептеу учаскелерінде үй шаруашылықтарын іріктеу үшін үй шаруашылықтарының жаңа тізімі құрылды.

2015 жылғы MICS іріктемесіне түскен 2009 жылғы Халық санағының есептеу учаскелерінде орналасқан үй шаруашылықтарының тізімін өзектендіру мақсатында Қазақстанда 2015 жылғы MICS дайындық жұмыстарының маңызды кезеңдерінің бірі ретінде үй шаруашылықтарының карталары мен тізімін құру бойынша жұмыстар жүргізу шешімі қабылданды.

Статистика комитеті аумақтық статистика департаменттерінің қызметкерлерінен әр топта 2 (яғни жалпы алғанда 118 адам) адамнан тұратын 59 листингтік команда қалыптастырды. Әрбір

тиімділігін арттыру мақсатында іріктеме негізі мүмкіндігінше біркелкі болып табылған страталарға бөлінді. Страталар екі қала - Астана және Алматыға қосымша, қалалық/ауылдық бөліністер бойынша 14 өңірге жоғарыда көрсетілген географиялық бөлініске үйлесімді болды.

Іріктеме өткізудің бірінші кезеңінде есептеу учаскелері өлшеміне ықтималдығы келетін 30 стратаның (16 страта қалалық жерлер бойынша – 14 өңір және 2 қала бойынша және 14 – ауылдық жерлер бойынша) әрбіреуінде жүйелі түрде іріктеме негізінде есептеу учаскелерінің реттелген тізімінен іріктеп алынды. Есептеу учаскелері үшін өлшем көрсеткіштері 2009 жылғы Халық санағының іріктемесі негізінде шыққан үй шаруашылықтарының санына негізделді. Халық санағының есептеу учаскелері әрбір страта шегінде белгісіз географиялық қабатталуды орнатуға және өңірдің барлық бөліктері үшін іріктемені пропорционалды бөлуді қамтамасыз ету үшін географиялық тұрғыдан реттелді.

команда екі адамнан: бір үй шаруашылықтарының тізімін құраушы – листер және бір картографтан тұрды. Әрбір өңірде командалар саны мен листингті жүргізу күнінің саны кластерлер саны мен олардағы үй шаруашылықтарының санына, сондай-ақ елді-мекендер арасындағы ара қашықтыққа қарай сараланды (SD.2 кестесі).

Барлығы іріктемеде 840 кластер саналды және жалпы, әрбір команда барлық жұмыс кезеңінде орташа 14,2 кластерді қамтыды. Әрбір өңірде командалар жұмысын статистика департаменттерінен супервайзерлер (барлығы 16 адам) үйлестірді.

**SD.2 кестесі. Командалар мен өңірлер бойынша листинг өткізу күндерінің саны**

	ИББ (СУ) саны	Командалар саны	Командалар мүшелерінің саны	Орташа күндер саны	Іріктелген үй шаруашылықтарының саны (іріктеме көлемі)
Қазақстан	840	59	118	20,7	16 780
Ақмола	64	5	10	20	1 280
Ақтөбе	44	3	6	21	880
Алматы	46	3	6	21	920
Атырау	44	3	6	21	880
Батыс Қазақстан	48	3	6	21	960
Жамбыл	46	3	6	21	920
Қарағанды	58	4	8	21	1 120
Қостанай	64	5	10	20	1 280
Қызылорда	44	3	6	21	880
Маңғыстау	44	3	6	21	880
Оңтүстік Қазақстан	44	4	8	21	880
Павлодар	60	4	8	21	1 200
Солтүстік Қазақстан	64	5	10	20	1 280
Шығыс Қазақстан	60	4	8	21	1 200
Астана қ.	48	3	6	20	960
Алматы қ	64	4	8	20	1 280

ЮНИСЕФ-тің листинг бойынша стандартты нұсқаулығы және MICS-5 үшін листингке арналған нысандар Қазақстанда 2015 жылғы MICS үшін бейімделді және қазақ және орыс тілдерінде тираждалды.

2015 жылғы 07-10 шілде аралығында Статистика комитетінің қызметкерлері, ЮНИСЕФ елдік кеңсесінің қызметкерлері қатысқан листерлер командасын оқыту бойынша семинар-тренинг ұйымдастырылды, одан басқа ЮНИСЕФ Өңірлік офісінен консультант пен Қырғыстан ЮНИСЕФ-тен консультанты шақырылды.

2015 жылғы 13 шілде мен 04 тамыз аралығында Статистика комитеті бекіткен графикке сәйкес 2015 жылғы MICS үшін кластерлер бойынша үй шаруашылықтарының карталары мен тізімін құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Супервайзерлер командалардың кластерлер бойынша қозғалудың оңтайлы бағыттарын әзірледі және әрбір команданың өңірдегі жұмысының сапасына тиісті бақылау мен мониторингін жүзеге асырды. Әрбір команда 2009 жылғы Халық санағының картографиялық материалдарымен және қажетті жағдайда есептеу учаскесінің (кластерінің) шекарасын табу үшін листерлер пайдаланған 2009 жылғы Халық санағының Ұйымдастырушылық жоспарларының №3 нысаны «Нұсқаулық және есептеу учаскелерінің құрылымымен» қамтамасыз етілді. Есептеу учаскелерінің шекараларын нақтылау және оларды нақтылау бойынша түсініксіз болған проблемалар кезінде супервайзерлер жергілікті билік органдарымен жергілікті жерлерде байланыс орнатып, туындаған мәселелерді жедел шешті. Листерлердің әрбір командасы есептеу учаскесінің әрбір үй шаруашылығына барып, оларды «Үй шаруашылықтарының тізімін құру бойынша нысанға» енгізді, бұл ретте құрылыстың орналасқан мекенжайын, нысанның тұрғын және тұрғын емес және басқа да қажетті атрибуттарын белгіледі.

Листинг кезінде Астана және Алматы сияқты үлкен қалаларда және кейбір облыс орталықтарында есептеу учаскелерінің аумақтарында 2009 жылғы Халық санағы кезінде болмаған және Санақтың ұйымдық жоспарларында да жоқ тұрғын және тұрғын емес жаңа құрылыстар пайда болғаны белгілі болды. Осындай есептеу учаскелерінде 300-ден біршама астам үй шаруашылықтары саналды. Осыған байланысты осындай есептеу учаскелерінде Листинг бойынша нұсқаулыққа сәйкес сегменттеу жүргізілді.

Листинг кезінде тұтас шағын аудан немесе ауыл тұрғындары мемлекеттік саясатқа байланысты көшірілгені белгілі болды: қолайсыз экологиялық ахуалмен жерлерден, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері төмен жерлерден тұрғындар даму әлеуеті анағұрлым жоғары елді мекендерге көшірілді; кейбір үй құрылыстары олардың апаттылығына-көнелілігі салдарынан бұзылды. Мұндай кластерлерде үй шаруашылықтарының саны 25-ке жетпеді, осыған байланысты командаларға бір нұсқаулық учаскесі шегінде көршілес есептеу учаскесінде листинг жүргізуге және оларды бір кластерге біріктіруге тура келді.

Супарвайзерлер сонымен қатар листинг блйынша барлық ақпаратты жинауды және АЕО РМК –ға көшірмесімен Статистика комитетіне жолдау үшін листинг бойынша сызбалық карталарды қоса алғанда нысандар түпнұсқаларын сканерлеуді және орталық кеңсемен кері байланысты қамтамасыз етуді жүзеге асырды.

Өзектендіруге жататын 840 кластерден Қарағанды облысының аумағында орналасқан №338 кластер аталған аумақ Ресей Федерациясының ұзақмерзімді жалға алуында және оның юрисдикциясында болғандықтан қолжетімсіз болды.

Осылайша, 2015 жылғы MICS іріктемеге түскен 840 кластерден нақты зерттеуге 839 кластер ілікті.

Жалпы сегментациялау бойынша жұмыстар

іріктеменің 18 үлкен санақ учаскелерінде жүргізілді. Әрбір санақ учаскесі одан да ұсақ сегменттерге бөлінгеннен кейін, пропорционалдық өлшеміне сәйкес ықтималдығымен іріктелді. Жалпы

елде сегментацияға дейін саналған 7255 үй шаруашылықтарынан үй шаруашылықтарының тізіміне іріктелген сегментациядан кейін 2087 үй шаруашылықтары қосылды (SD.3 кестесі).

### SD.3 кестесі. Өңірлер бойынша сегменттелген кластерлер саны

өңір	Өңірлер кодтары	Кластерлер нөмірлері	Сегменттеуге дейінгі үй шаруашылықтарының саны	Іріктілген сегменттердегі үй шаруашылықтарының саны	Барлығы
Қазақстан	00	x	7 255	2 087	18
Атырау	04	181	754	180	1
Жамбыл	06	258	202	72	1
Оңтүстік Қазақстан	11	533	376	56	1
Солтүстік Қазақстан	13	610	277	89	1
Шығыс Қазақстан	14	671	258	178	1
Астана қаласы	15	x	3 860	1 018	8
		729	656	160	
		740	417	83	
		755	609	107	
		756	267	172	
		757	268	100	
		765	858	170	
		766	498	113	
		769	287	113	
Алматы қаласы	16		1 528	494	5
		800	417	112	
		808	227	113	
		825	291	77	
		831	288	52	
		835	305	140	

### Үй шаруашылықтарын іріктеу

Командалар тізімді жасау бойынша жергілікті жерлерде әрбір есептеу учаскелері бойынша үй шаруашылықтарының тізімін дайындады. Одан әрі үй шаруашылықтары аумақтық статистика департаменттерінің кеңселерінде тізбекті түрде 1-ден

n –ге дейін нөмірленді (әрбір есептеу және сегменттеу учаскесінде және сегментте үй шаруашылықтарының жалпы саны), ол жерде әрбір есептеу учаскесінен кездейсоқ жүйелі іріктеу рәсімінің көмегімен 20 үй шаруашылығын іріктеу жүргізілді.

### Іріктеме салмағын есептеу

Қазақстанда 2015 жылғы MICS-дан іріктеме бағасы халық үшін көрнекі болуы үшін деректерде іріктеме салмағына немесе таралу коэффициентіне көбейту қажет. Іріктеменің әрбір үй шаруашылығы үшін базалық салмақ іріктеу ықтималдығының кері шамасына тең болады (ықтималдықты іріктеменің әрбір кезеңінде көбейту арқылы есептеледі). Үй шаруашылықтарының салмағы деректер файлдарында іріктеме үй шаруашылықтарының әрбір жазбаларына қоса берілді. Одан басқа әйелдер үшін салмақ пен бес жасқа дейінгі балалар үшін салмақ тиісті түрде есептелді.

Қазақстанда 2015 жылғы MICS үшін іріктеме өзіміз салмақтаған болып табылмайды. Пропорционалды емес үй шаруашылықтары әрбір өңірге өлшемдерінің айырмашылықтарына байланысты іріктеменің әртүрлі үлесі пайдаланылды. Осы себептен іріктеме салмағы есептелді, олар зерттеу барысында алынған деректерді кейінгі талдау кезінде пайдаланылды.

Салмақтық мәннің негізгі компоненті (h) және ИББ (i) жеке стратада үй шаруашылығын іріктеу кезінде пайдаланылған іріктеме үлесінің кері шамасы болып табылады:

$$W_{hi} = \frac{1}{f_{hi}}$$

$f_{hi}$  бөлімі h стратадағы i іріктелген ИББ үшін үй шаруашылығының іріктеме үлесі – әрбір іріктелген стратада іріктеменің әрбір сатысында іріктеме ықтималдығының көбейтіндісі :

$$f_{hi} = p_{1hi} \times p_{2hi} \times p_{3hi}$$

Мұндағы  $p_{shi}$  – h іріктелген стратадағы i іріктелген ИББ үшін s сатысындағы байқау бірлігін іріктеу ықтималдығы. Іріктеме дизайнының негізінде аталған ықтималдықтар былайша есептелді:

$$p_{1hi} = \frac{n_h \times M_{hi}}{M_h}$$

$n_h$  – h стратасында таңдалған іріктелген ИББ саны

$M_{hi}$  – h стратасында i іріктелген ИББ үшін 2009 жылғы Халық санағындағы үй шаруашылықтарының саны

$M_h$  – h стратасы үшін 2009 жылғы Халық санағындағы үй шаруашылықтарының жалпы саны

$p_{2hi}$  = h стратасында i іріктелген ІББ-де көрсетілген ІББ үлесі (сегменттелген ІББ үшін); сегменттелмеген ІББ үшін -  $p_{2hi} = 1$

$$p_{zhi} = \frac{20}{M'_{hi}}$$

$M'_{hi}$  = h стратасында i іріктелген ІББ –те көрсетілген үй шаруашылықтарының саны

Іріктеменің бірінші кезеңінде пайдаланылған іріктеме негізінде 2009 жылғы халық санағынан есептеу учаскесінде (ІББ) үй шаруашылықтарының саны және өзектендірілген үй шаруашылықтарының тізімінен алынған есептеу учаскесіндегі үй шаруашылықтарының саны әдеттегідей сәйкес келмейтіндіктен әрбір іріктеп алынған есептеу учаскесіндегі (кластерінде) үй шаруашылықтары үшін іріктеудің жеке ықтималдығы есептелді.

Іріктеме салмағын есептеудің түпкілікті компоненті үй шаруашылықтары сұрақнамалары мен жеке сұрақнамалар үшін жауап жоқтардың деңгейін есепке алады. Әрбір стратада үй шаруашылықтарының сұрақнамалары үшін жауап жоқтарды есепке ала отырып түзетудің мәні мынаған тең:

$$\frac{1}{RR_h}$$

мұндағы,  $RR_h$  – h стратасында далалық жұмыстар нәтижелері бойынша жұмыс басты деп танылған іріктеп алынған үй шаруашылықтарының санынан h стратасында пікіртерім алынған үй шаруашылықтары санының үлесі ретінде анықталатын h стратасындағы іріктеп алынған үй шаруашылықтары үшін жауап деңгейі.

Осылайша, әрбір страта үшін жеке деңгейде жауап жоқтарды есепке ала отырып түзетулер (әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балалар) мынаған тең:

$$\frac{1}{RR_h}$$

мұндағы  $RR_h$  – сәтті пікіртерім алынған h стратасында іріктеп алынған үй шаруашылықтарындағы өлшемшарттар бойынша сәйкес келетін адамдар (әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балалар) үлесі ретінде айқындалатын h стратасындағы жеке сұрақнамалар үшін жауаптар деңгейі.

Далалық жұмыстар аяқталған соң әрбір іріктеп алынған страта үшін жауаптар коэффициенті

есептелді. Бұл коэффициенттер әрбір кластер үшін есептеп шығарылған іріктеме салмағын түзету үшін пайдаланылды. Қазақстанда 2015 жылғы MICS үшін жауаптар коэффициенті осы есептегі НН-1 кестесінде ұсынылған.

Әйелдер үшін жеке сұрақнамалар және 5 жасқа дейінгі балалар туралы сұрақнамалар үшін жауап жоқтарды есепке ала отырып түзету коэффициенттері үй шаруашылықтарының түзетілген салмақтарына қолданылады. Өлшемшарттарға жауап беретін әйелдер саны мен 5 жасқа дейінгі балалар саны пікіртерім алынған үй шаруашылықтарының сұрақнамаларындағы үй шаруашылықтары мүшелерінің тізімінен алынды.

Үй шаруашылықтары үшін есептеу салмағы іріктеме ықтималдығының кері мәнін әрбір есептеу учаскесі үшін жауап жоқтарды есепке ала отырып түзету коэффициентіне көбейту арқылы есептелді. Одан кейін осы салмақтар ұлттық деңгейде іріктеменің жалпы көлеміне тең пікіртерім алынған байқау бірлігінің салмақталған сомасын алу мақсатында стандартталды (немесе нормаға келтірілді). Нормаға келтіру операциясы жоғарыда айтылған есептеу салмақтарын (жауап жоқтарды есепке ала отырып түзетілген) ұлттық деңгейде орташа есептеу салмағына бөлу арқылы орындалады. Бұл үшін іріктеме салмағын үй шаруашылықтарының салмақталған жалпы санына бөлінген ұлттық деңгейде үй шаруашылықтарының салмақталмаған санына тең тұрақты коэффициентке көбейту қажет (жауап жоқтарды есепке ала отырып түзетілген іріктеменің толық салмағын пайдалана отырып). Стандарттаудың осыған ұқсас операциясы әйелдер үшін жеке сұрақнамалар үшін және 5 жасқа дейінгі балалар туралы сұрақнамалар үшін стандартталған салмақты алу мақсатында орындалды. 839 іріктеп алынған есептеу учаскелеріндегі (кластерлердегі) түзетілген (қалыпқа келтірілген) салмақтар 0,078982831 ден 15,69742236-ге дейін құбылды.

Стандартталған іріктеме салмағы кейінгі талдауы әр үй шаруашылығының, әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балалардың осы салмағының көмегімен салмақтау арқылы жүргізілген барлық деректер массивіне қосылды.

## В қосымша. Зерттеу жүргізуде жұмысқа тартылған қызметкерлер тізімі

### Басқарушы құрам

**Нұрболат Айдапкелов**, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) Статистика комитетінің төрағасы 2016 жылғы 26 мамырдан бастап ;

**Әлихан Смайылов**, ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің төрағасы 2015 жылғы 11 желтоқсанға дейін;

**Айдын Ашуев**, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының орынбасары 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

**Бақытбек Иманәлиев**, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының орынбасары 2016 жылғы 26 мамырға дейін;

**Қайрат Орынханов**, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының орынбасары 2015 жылғы 25 желтоқсаннан бастап;

**Гүлмира Қарауылова**, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасының басшысы.

### ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің қызметкерлері

**Жұлдыз Айдарбекова**, Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы;

**Сабырова Жанар**, Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы;

**Гүлжан Дәуренбекова**, Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы;

**Гүлмира Маханбетова**, Әлеуметтік және

демографиялық статистика басқармасы;

**Болат Ақылов**, Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы;

**Ерболат Мұсабек**, Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы;

**Қозбанов Жандос**, Тіркегімдер басқармасы.

### Халықаралық ұйымдар

**Юрий Оксамитный**, БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілі;

**Атилла Ханчиоглу**, ЮНИСЕФ (Нью-Йорк, АҚШ) Штаб-пәтері МИКЗ жаһандық үйлестірушісі;

**Түргай Уналан**, қызметкер ЮНИСЕФ (АҚШ) Штаб-пәтерінің қызметкері;

**Ивана Бжелич**, қызметкер ЮНИСЕФ (АҚШ) Штаб-пәтерінің қызметкері;

**Ядигар Коскун**, қызметкер ЮНИСЕФ (АҚШ) Штаб-пәтерінің қызметкері;

**Сираж Махмудлу**, Мониторинг және бағалау мәселелері жөніндегі маман/ МИКЗ Өңірлік үйлестірушісі, Орталық және Шығыс Еуропа және ТМД елдері үшін ЮНИСЕФ Өңірлік кеңсесі;

**Теута Халими**, мониторинг мәселелері жөніндегі үйлестіруші, Орталық және Шығыс Еуропа және ТМД

елдері үшін ЮНИСЕФ Өңірлік кеңсесі ;

**Фиакра Макаси**, БҰҰ Қазақстандағы Балалар қоры (ЮНИСЕФ) төрағасының орынбасары;

**Жанар Сагимбаева**, МИКЗ жобасының үйлестірушісі, Қазақстандағы ЮНИСЕФ бағдарламаларын мониторингілеу және бағалау мәселелері жөніндегі маман;

**Раимбек Сисемалиев**, Қазақстандағы ЮНПФА атқарушы өкілі;

**Ғазиза Молдақұлова**, Қазақстандағы ЮНПФА тұрғын халық және даму бойынша бағдарламалар үйлестірушісі;

**Гүлнәр Қоқанова** – Қазақстандағы ЮНИСЕФ атынан MICS мәселелері жөніндегі ұлттық консультант;

**Диляра Бейсенова** – Қазақстандағы ЮНИСЕФ атынан MICS өткізу жөніндегі ассистент.

### Халықаралық консультанттар

**Ахмет Синан Тюркулмаз**, іріктеме жөніндегі маман, МИКЗ мәселелері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік консультанты;

**Ана Абдельбасит**, үй шаруашылықтарын зерттеу жөніндегі маман, МИКЗ мәселелері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік консультанты;

**Ханс Петтерссон**, іріктеме жөніндегі маман, МИКЗ мәселелері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік консультанты;

**Ихтиёр Холматов**, деректерді өңдеу жөніндегі маман, МИКЗ мәселелері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік консультанты;

**Исмет Коч**, іріктеме жөніндегі маман, МИКЗ мәселелері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік консультанты;

**Лариса Праслова**, үй шаруашылықтарын зерттеу жөніндегі маман, МИКЗ мәселелері бойынша ЮНИСЕФ өңірлік консультанты.

### ҚР ҰЭМ Статистика комитеті «Ақпараттық - есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлері («АЕО» ШЖҚ РМК)

**Қазғанбаев Эльдар**, ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің АЕО ШЖҚ РМК директоры;

**Рахметов Нұрлыбек**, МИКЗ жобасының үйлестірушісі - ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің АЕО ШЖҚ РМК директорының орынбасары;

**Ғабдуллина Әсем**, деректерді енгізу және өңдеу жөніндегі үйлестіруші, ақпараттық-статистикалық жүйелерді сүйемелдеу департаментінің директоры;

**Хамит Ақжібек**, бюджет қаражатын есепке алуды жүргізу, бухгалтер;

Ұршықова Гүлден, заңгер;  
 Дауылбаева Сәуле, іріктеме жөніндегі сарапшы;  
 Байтен Қанатбек, материалдар мен

жабдықтарға жауапты;  
 Думан Есілбаев, жүргізуші

**Деректерді енгізу және өңдеу жөніндегі қызметкерлер (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің АЕО ШЖҚ РМК)**

Қапышева Айгүл, деректерді CSPRO-ға енгізу және SPSS шығару жөніндегі бағдарламашы, ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы;

Супервайзер	Редакторлар	Әкімші
Писоцкая Марина	Агайсина Салима Страхолис Светлана	Ерғалиева Жанар
<b>Деректерді енгізу жөніндегі операторлар</b>		
Әбілқасымова Анна Жабагина Қарлығаш Балтаева Жазира Бейсембаева Данагүл Қожамсүгірова Индира	Абдрашова Айнұр Икбаева Балауса Қасым Дәулет Бекенова Айгүл Ғалымжанқызы Меруерт	

**Далалық жұмыстарды жүзеге асырған облыстар командалары**

**Ақмола облысы**

Ерғалиев Расул, супервайзер  
 Мирендинова Салтанат, редактор  
 Ибышева Айтжан, интервьюер  
 Олжабаева Шұға, интервьюер  
 Құрманғалиева Гүлнар, интервьюер  
 Төрежанова Ләззат, интервьюер  
 Таушкеев Самат, өлшеуші

**Ақтөбе облысы**

Бейісов Жолдасқали, супервайзер  
 Әбілжанова Гүлмира, редактор  
 Жаманбаева Амангүл, интервьюер  
 Қамысбаева Жанар, интервьюер  
 Баймашева Жанна, интервьюер  
 Өтемұратова Амангүл, интервьюер  
 Бекмағамбетов Дамирлан, өлшеуші

**Алматы облысы**

Малоголовая Светлана, супервайзер  
 Симонова Людмила, редактор  
 Капанова Гүлнара, интервьюер  
 Августханова Гүлжан, интервьюер  
 Молдағұлова Динара, интервьюер  
 Исаева Маржан, интервьюер  
 Малкаров Юруслан, өлшеуші

**Атырау облысы**

Есжанова Айнаш, супервайзер  
 Мұқышева Жанаргүл, редактор  
 Орынбаева Айгул, интервьюер  
 Құсайынова Ботагөз, интервьюер  
 Құрманова Гүлназ, интервьюер  
 Кейкешева Жанар, интервьюер  
 Жексенов Әділбек, өлшеуші

**Батыс Қазақстан облысы**

Жұманов Аманжан, супервайзер  
 Арыстанәлиева Роза, редактор  
 Шайхиева Онайша, интервьюер  
 Зиеденова Жемісханым, интервьюер  
 Омарова Әсел, интервьюер  
 Алдамжарова Ақерке, интервьюер  
 Аренов Қайсар, өлшеуші

**Жамбыл облысы**

Шевцова Инга, супервайзер  
 Айдарханова Ұлмекен, редактор  
 Ұстабаева Жанат, интервьюер  
 Құрманбекова Жаңыл, интервьюер  
 Рахимова Мүбара, интервьюер  
 Жақыпова Айжан, интервьюер  
 Аталықова Қалжан, өлшеуші

**Қарағанды облысы**

Комутова Сауле, супервайзер  
 Қайырбекова Гүлден, редактор  
 Тұрсынбекова Салтанат, интервьюер  
 Финогенова Дарья, интервьюер  
 Ермұханбетова Әуес, интервьюер  
 Маликова Дана, интервьюер  
 Жексембаев Әбілхан, өлшеуші

**Қостанай облысы**

Рыщанова Ракия, супервайзер  
 Қасенова Анар, редактор  
 Валиева Наталья, интервьюер  
 Сағымбаева Күлнар, интервьюер  
 Левицкая Светлана, интервьюер  
 Курлаева Елена, интервьюер  
 Данилова Жанна, өлшеуші

**Қызылорда облысы**

Талқанбаев Нұрман, супервайзер  
 Ермекова Галина, редактор  
 Досжанова Әсел, интервьюер  
 Дүйсенбиева Роза, интервьюер  
 Төлегенова Айгүл, интервьюер

**Маңғыстау облысы**

Қабдрахманова Райра, супервайзер  
 Кенжебекова Гулмира, редактор  
 Аманшаева Раушан, интервьюер  
 Жақсұғылова Ақмарал, интервьюер  
 Құдайбергенова Айгүл, интервьюер

---

Скакова Гүлнур, интервьюер  
Иният Икрам, өлшеуші

#### **Оңтүстік Қазақстан облысы**

Құлтаев Ерназар, супервайзер  
Бөрібекова Жанат, редактор  
Рүстемова Гүлнара, интервьюер  
Қабылова Насихат, интервьюер  
Қабланова Нұргүл, интервьюер  
Жетпісбаева Жанат, интервьюер  
Тасболатов Мирахмет, өлшеуші

#### **Солтүстік Қазақстан облысы**

Сұлтанова Сұлушаш, супервайзер  
Семькина Людмила, редактор  
Родимова Ирина, интервьюер  
Вдовина Ирина, интервьюер  
Мейманова Сәуле, интервьюер  
Садвокасова Данна, интервьюер  
Төлеев Тілектес, өлшеуші

#### **Астана қаласы**

Серікбаева Жанар, супервайзер  
Шаяхметова Дәмелі, редактор  
Ағыбаева Айжан, интервьюер  
Рахымова Жұлдыз, интервьюер  
Айдосова Ботагөз, интервьюер  
Ақышева Гүлістан, интервьюер  
Исмайлов Бауыржан, өлшеуші

Баймағамбетова Айгүл, интервьюер  
Изжанова Айман, өлшеуші

#### **Павлодар облысы**

Жакенов Жақан, супервайзер  
Бегжанова Қарлығаш, редактор  
Сматаева Айнұр, интервьюер  
Мейремғалиева Толқын, интервьюер  
Нұралина Меруерт, интервьюер  
Жанғазина Майгүл, интервьюер  
Кәрібаев Қанат, өлшеуші

#### **Шығыс Қазақстан**

Терлікбаев Берік, супервайзер  
Жанбосынова Зиназаип, редактор  
Қаблақатова Әния, интервьюер  
Уатаева Нұргүл, интервьюер  
Шағатаева Разия, интервьюер  
Ларионова Людмила, интервьюер  
Чамбилов Нартай, өлшеуші

#### **Алматы қаласы**

Исаев Дархан, супервайзер  
Митянина Юлия, редактор  
Алтынбекова Айткөркем, интервьюер  
Жаманқұлова Рахима, интервьюер  
Аубакирова Құлжан, интервьюер  
Өтенова Толқын, интервьюер  
Бақберген Қуаныш, өлшеуші

## С қосымша. Іріктеме қателерінің бағалау мәндері

Қазақстандағы 2015 жылғы MICS – Көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу үшін респонденттерді іріктеу халықтың сол жиынтығынан сол әдіспен қалыптастырылуы мүмкін болатын сол көлемнің көптеген ықтимал іріктемелерінің біреуі ғана. Осы іріктеменің әрбіреуі бойынша нақты қалыптастырылған іріктемеден біршама ерекшеленетін нәтижелер алуға болар еді. Іріктеме қатесі – бұл барлық ықтимал іріктемелер негізінде алынған бағалардың өзгергіштігі дәрежесін өлшейтін көрсеткіш. Вариация немесе өзгергіштік дәрежесі нақты белгілі емес, алайда зерттеу деректері негізінде статистикалық түрде бағалана алмайды.

Осы қосымшада зерттеу үшін іріктеп алынған көрсеткіштердің әрбіреуі бойынша іріктеме қатесінің мәні келтіріледі.

Стандартты қате (se) – баға дисперсиясының шамасынан квадратты түбірі. Орташа мәндерді, үлестер мен қатынастарды білдіретін зерттеу көрсеткіштері үшін Тейлор қатарларының әдісі (линеаризация әдісі) қолданылады. Туу және қайтыс болу коэффициенттері сияқты неғұрлым күрделі статистикалық көрсеткіштерге қатысты стандартты қателерді бағалау үшін қайталама репликация әдісі - «жиналмалы пышақ» қолданылады.

Вариация коэффициенті (se/r) – стандартты қатенің көрсеткіштің мәніне (r) қатынасы; салыстырмалы стандартты қате шамасы болып табылады.

Іріктемені құру нәтижесі (deff) – зерттеуде пайдаланылатын іріктемені құру әдісі аясында алынған көрсеткіш дисперсиясының нақты шамасының іріктеменің сол көлеміне негізделген қарапайым кездейсоқ іріктемеге сүйене отырып есептеп шығарылған дисперсия шамасына қатынасы. Іріктемені құру нәтижесі шамасының квадратты түбірі (deff) іріктемені құру бағаның дәлдігі тұрғысынан қаншалықты тиімді екенін көрсетеді. 1,0 тең deff шамасы аталған іріктемені құру қарапайым кездейсоқ іріктемені құру сияқты тиімді екенін көрсетеді, 1,0 асатын deff шамасы іріктемені неғұрлым күрделі құруды пайдалану салдарынан стандартты қатенің артуын көрсетеді.

Сенімгерлік шектер берілген сенімгерлік деңгейде халықтың нақты жиынтығы үшін шынайы

мән шамамен болуы мүмкін интервалды көрсету мақсатында есептеледі. Зерттеу нәтижелері бойынша есептелген кез келген нақты статистикалық көрсеткіш үшін бұл статистикалық көрсеткіштің шамасы минус екі стандартты қатеден плюс осы көрсеткіш мәнінің екі стандартты қатесіне дейінгі аралықта ( $r + 2.se$  немесе  $r - 2.se$ ) осындай көлем мен құрылымдағы барлық ықтимал іріктемесінің 95 пайыз болады.

MICS деректері негізінде іріктеме қатесін есептеу үшін 5.0 нұсқалы CSPRO –да әзірленген бағдарламалар, «Әлеуметтік ғылымдар статистикалық пакетінің» 21-ші нұсқасының Complex Samples пайдаланылды.

Нәтижелері келесі кестелерде көрсетілген. Жоғарыда аталған іріктеме қатесінің көрсеткіштерінен басқа бұл кестелер сонымен қатар әрбір көрсеткіш үшін бөлімдердің өлшенген және өлшенбеген мәндерін қамтиды.

Қалыпқа келтірілген салмақталған коэффициенттердің пайдаланылуын есепке ала отырып өлшенген және өлшенбеген мәндерді салыстыру арқылы белгілі бір салада іріктеме жалпы жиынтықтағы іріктеменің орташа үлесімен салыстырғанда жеткілікті болды ма, әлде артық болды ма екенін анықтауға болады. Егер өлшенген мән өлшенбегеннен төмен болса, бұл белгілі бір саладағы іріктеме артық болды дегенді білдіреді. SE.1 кестесіне сілтемеде төменде түріндірілгендей айрықша жағдайды 3.15, 4.1 және 4.3 көрсеткіштер құрайды, олар үшін өлшенбеген мән таңдап алынған үй шаруашылықтарының санын білдіреді, ал өлшенген мән халықтың жалпы санын білдіреді.

Іріктеме қатесі жалпы ұлттық деңгейде, қалалық және ауылдық жерлер үшін және барлық 16 өңір үшін, алғашқы кезектегі қызығушылықты білдіретін көрсеткіштер үшін есептелді. Таңдап алынған көрсеткіштерден 9 - үй шаруашылықтарының мүшелеріне жатады, 17- әйелдерге және 14 - 5 жасқа дейінгі балаларға жатады. SE.1 кестесінде әрбір көрсеткіш үшін бастапқы мәнді (бөлімін) қосқанда іріктеменің қатесі есептелетін көрсеткіштер тізімі ұсынылған. SE.2 – SE.20 кестелерінде таңдап алынған аумақтар үшін есептелген іріктеме қателері көрсетілген (барлығы, қалалық жер, ауылдық жер және 16 өңір жеке-жеке).

### SE.1 кестесі. Іріктеме қатесін есептеу үшін таңдап алынған көрсеткіштер

Іріктеме қатесін есептеу үшін таңдап алынған көрсеткіштер тізімі және әрбір көрсеткіш үшін тұрғындардың бастапқы топтары (бөлімдері), Қазақстан, 2015 жыл

MICS-2015 көрсеткіші	Бастапқы халық
Үй шаруашылықтарының мүшелері	
3.15 Тамақ дайындау үшін қатты отын түрлерін пайдалану	Үй шаруашылықтарының барлық мүшелері <sup>a</sup>
4.1 Жақсартылған ауызсу көздеріне қолжетімділік	Үй шаруашылықтарының барлық мүшелері <sup>a</sup>
4.3 Жақсартылған санитарияға қолжетімділік	Үй шаруашылықтарының барлық мүшелері <sup>a</sup>
7.2 Мектепке дайындық	Бастауыш мектептің бірінші сыныбына баратын балалар
7.4 Бастауыш мектепке барудың таза коэффициенті (түзетілген)	Бастауыш мектепке бару жасындағы балалар
7.51 Негізгі орта мектепке барудың таза коэффициенті (түзетілген)	Негізгі орта мектепке бару жасындағы балалар



MICS-2015 көрсеткіші		Бастапқы халық
7.52	Жалпы орта мектепке барудың таза коэффициенті (түзетілген )	Жалпы орта мектепке бару жасындағы балалар
7.5	Орта мектепке барудың таза коэффициенті (түзетілген)	Орта мектепке бару жасындағы балалар
8.3	Тәртіпке келтірудің күштеу әдістері <sup>b</sup>	1-14 жастағы балалар
<b>Әйелдер</b>		
2.6	Емізудің ерте басталуы	Зерттеу жүргізгенге дейін соңғы екі жылда туылған нәрестелер саны
5.1	Жасөспірімдер арасында туу коэффициенті	15-19 жаста босануға ұшыраған әйелдер
-	Туудың жиынтық коэффициенті	15-49 жастағы қашан да болмасын босанған әйелдер
5.2	Ерте бала туу	18 жасқа дейінгі жаста тірі бала туған 20-24 жастағы әйелдер
